

«А. Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы» КММ әдістемелік жұмыс туралы есебі. 2024-2025 оқу жылы

Ұжымның алдына қойған мақсат, міндеттері

Мектептің миссиясы: Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, өмір бойы білім алып, өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, жаһандық өзгерістерге бейім жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған мектеп қауымдастығын құру.

Бағдар: Біздің мектебіміз аймақтағы жаңашыл білім беру орталығына айналуы тиіс

Мектеп тақырыбы: Білім беру жүйесіндегі цифрлық инновациялар әлеуеті

Мақсаты:

Білім сапасын көтеру- оқушының функционалдық сауаттылығын дамытудың маңызды шарты

Міндеттері:

- оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша нормативтік құқықтық актілер іске асыру;
- үлгілік оқу жоспарларының ерекшеліктері мен орындалуын қамтамасыз ету;
- білім алушылардың цифрлық дағдылары мен құзыреттерін дамыту;
- интерактивті және танымдық-қызықты білім беру ортасын құру үшін цифрлық технологиялар мен шешімдерді пайдалану

Әдістемелік тақырып, білім мекемесі нешінші жұмыс жасады, әдістемелік бірлестік тақырыбы (өзектілігі және тапқырыптың қисындылығы, кезеңдер, жүзеге асудың шарттарының, сабақтас, қисын, жұмыста тізбектілік, кадрлардың әлеуетінің, мардымдылығы)

2023-2024 оқу жылында ғылыми- әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында арнайы жоспар құрылып, іске асырылуда, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық басшылыққа алынып, пән мұғалімдері мен бірлестік жетекшілері өзгерістерді отырыстарда талқылап іске асыруда. Әдістемелік тақырып бойынша бірінші жыл жұмыс жасалынды. Әдістемелік тақырып мақсаты мен міндеттері мектеп тақырыбынан сай алынып, былтырғы оқу жылындағы кемшіліктер ескере отырып белгінеді.

Мектептің ғылыми-әдістемелік тақырыбы: Білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік қызмет: бүгін және болашақта

Ғылыми-әдістемелік жұмыс мақсаты: Педагогтардың кәсіби деңгейін дамыту, жеке тұлғаға білім берудегі оқу үдерісіндегі заманауи ілімдік потенциалын арттыру

Ғылыми- әдістемелік жұмыс міндеттері:

- педагог мамандардың кәсіби деңгейін арттыру, олардың теориялық білімі мен әдістемелік біліктілігін үздіксіз жетілдіру;
- заманауи инновациялық жобалар, цифрлық ресурстармен жұмыс жасау. өз сабағында қолдана білу;
- білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту және дарынды оқушылармен жұмысты нығайту;
- авторлық бағдарламалар, курстар, мақалалық ізденістер жасауға бағыттау;
- озық тәжірибелі ұстаздардың еңбегін тарату, баспасөзге жариялау және жалпылау

Әдістемелік кеңестің мәжілісі нешеу, бірлестіктің өткізілуі? Мәжіліс тақырыбы. Қанша сұрақ, мәжілістегі сұрақтардың мақсаттардың жолға қойылуы?

Әдістемелік пән бірлестіктер:

1. «Бастауыш сынып» бірлестік жетекшісі Оралбаева К.Ө
2. «Тіл және әдебиет» пән бірлестік жетекшісі Бекенова С.К;
3. «Математика және информатика» пән бірлестік жетекшісі Баяхметова Қ.Б;
4. «Жаратылыстану» пән бірлестік жетекшісі Хұсайынова С.Ж;
5. «Дене шынықтыру және технология» пән бірлестік жетекшісі Мағауов Е.А;
6. «Адам және қоғам» пән бірлестік жетекшісі Батталова Ж.А;
7. «Ағылшын тілі» пән бірлестік жетекшісі Капакова А.Ш
8. «Орыс тілі» пән бірлестігі жетекшісі Ибрагимова Н.С

1. Пәндер бойынша білім сапасы мен оқу үлгірімі

«Бастауыш сыныптардағы оқу үрдістерінде заманауи оқу мен оқытудың формалары мен әдістерін ұтымды пайдалану пайдалана отырып оқушының танымдық қабілетін дамыту»
Мектеп тақырыбы: Білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқыту мен тәрбиелеу сапасын инновациялық бағытта дамыту.

Мақсаты: Оқыту мен бақылаудың инновациялық әдістерін оқу-тәрбие үрдісіне енгізе отырып, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту арқылы білім сапасын көтеру.

Әдістемелік бірлестіктің алдына қойған тақырыбы: «Оқушылардың таным белсенділігін, білімге қызығуын аттыра отырып, функционалдық сауаттылығын дамыту».

Бастауыш сынып әдістемелік бірлестіктің 2024-2025 оқу жылына арналған мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты: «Білім берудің жаңа жүйесін қалыптастыру арқылы білім сапасын көтеру, қазіргі өмір талабына сай білім негіздерін бере отырып, ізденімпаз, шығармашыл тұлға тәрбиелеу»

Міндеттері:

- Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту арқылы елжанды, жауапкершілікті, сыни тұрғыда ойлай білетін, өз ойын еркін айта алатын сауатты, дені сау білімалушылар тәрбиелеу.
- Білім беруде оқыту мен оқуды бағалаудың әдістерін меңгеру.
- Мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін дамыту:
- Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді меңгеруге, оқу бағдарламаларын жүзеге асыруға жағдай жасау.
- Оқушылардың ақпараттық мәдениеттерін қалыптастыру арқылы білім мазмұнын жетілдіру.
- Мектептегі басқару жүйесін жетілдіру.

Жұмыс барысында күтілетін нәтижелер:

-Алған білімдерін тәжірибеде тиімді қолдану

-Мұғалімдердің құзыреттілігін арттыру:

-Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру

-Мектептің білім беру аясы кеңейтіліп, білім сапасын арттыру.

Өткен оқу жылында жұмыс істеу барысында мектеп ҚР-ның «Білім туралы» Заңын, жалпы білім беретін мекемелердің ережесін, мектеп жарлығын, ҚР-ның Білім және ғылым министрлігінің, БД-нің нұсқаулары мен әдістемелік хаттарын, мектепшілік бұйрықтарды басшылыққа алды.

Бастауыш сыныптары 2024-2025 оқу жылында бағдарлама талаптары толығымен орындалды және бірлестік өз жұмысын бекітілген жоспарымен атқарды. Осы оқу жылында алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру жолында сан түрлі жұмыстар атқарды.

Мектепте 1–11-ші сынып оқушыларын оқыту жүзеге асырылады. Оқу тілі – қазақ.

Мектеп мына режиммен жұмыс істеді:

Мектепалды, 1–4 және 5–9 негізгі мектеп, 10-11 жалпы білім беру сыныптары – 5 күндік жұмыс аптасы;

Сабақтың басталуы:

1-ші ауысым – 08:00-ден бастап;

2-ші ауысым – 14:00-ден бастап.

Сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

Бір күндік және апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен айқындалады. Мектепалды сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы – 34 аптаны, 1-ші сыныптарда – 33 аптаны, 2–11-ші сыныптарда 34 аптаны құрайды.

Оқушылар контингенті

2024-2025 оқу жылының басында мектепте 982 оқушы оқыды. Оқу жылының соңында – 988, оның ішіндегі 1–4 сыныптар – 418 оқушы.

2023/2024 оқу жылындағы жинақ сынып саны – 43.

Соның ішінде 1- 4 сыныптар саны -18;

мектеп алды даярлық сыныптары - 4.

Сыныптардың орташа толымдылығы: 1–4 сыныпта 24-26 оқушыдан;

мектепалды даярлық сыныптарында 20-24 оқушыдан;

3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы

	2022- 2023 жыл	2023- 2024 жыл	2024 - 2025 жыл
Оқушылар контингенті	409	409	418
мектепалды даярлық	83	85	83

Бастауыш сыныптарының материалдық-техникалық базасы ;
Оқу кабинеттері – 9; медицина кабинеті – 1; асхана – 1; кітапхана – 1; спорт залы – 1

Оқушылар құрамы

Сынып	Сынып саны	Бала саны
	қазақ	қазақ
0 сынып	4	83
1 сынып	5	121
2 сынып	4	98
3 сынып	5	109
4 сынып	4	90
Барлығы:	22	501

1.Пән бойынша білім сапасы мен оқу үлгірімі *1-қосымша*

1-4 сыныптар бойынша соңғы үш жылдың білім сапасы

Оқу жылы	Бастауыш сыныптар								Бала саны	үздіктер	Екпінділер	Жалпы сапа
	1сынып		2 сынып		3 сынып		4 сынып					
	Сапа %	Үлгірім %	Сапа %	Үлгірім %	Сапа %	Үлгірім %	Сапа %	Үлгірім %				
2022 - 2023	-	100	63	100	64,2	100	57,5	100	409	72	106	61,5
2023 - 2024	-	100	65	100	65,5	100	58,3	100	409	84	111	63,1
2024- 2025		100	67,3	100	65,1	100	62,2	100	418	89	104	64,9

Жоғары көрсеткіштерге әсер еткен себептер:

Сыныптар бойынша білім алушылардың оқу сапасының 2022-2023 оқу жылы 61,5 %; 2023 - 2024 оқу жылының аяғында білім сапа 63,1% көрсетіп, өткен оқу жылынан +1,6 % өсті. 2024 – 2025 оқу жылының аяғында білім сапа 64,9 % көрсетіп, +1,8 % білім сапасы өсті.

Бастауыш сыныптар бойынша соңғы үш жылдың білім сапасының динамикасы

Оқу жылы	Оқушы саны	Сапа %	Үлгерім %	Динамика	Үздіктер	Екпінділер
2022- 2023	409	61,5	100	+3,2	72	106
2023 -2024	409	63,1	100	+ 1,6	84	111
2024 -2025	418	64,9	100	+ 1,8	89	104

2023-2024 оқу жылында үздіктер 12 оқушыға, екпінділер 5 оқушыға өсті. **2024 -2025** оқу жылы үздіктер саны 5 оқушыға өсіп ал, екпінділер саны 7 оқушыға кеміді. Білім сапасының өсуі мұғалімдердің оқушылармен олқылықпен жұмыс жүргізу нәтижесі.

Пән бойынша кадрлармен қамтамасыз етілудің 3 жылғы салыстырмалы сапалық және сандық сипаттамасы.

2022- 2025 оқу жылындағы бастауыш сыныптар бойынша пәндердің салыстырмалы сапа көрсеткіштері.

2022-2023 оқу жылы						
Пән	Сынып	Сапа	Сынып	Сапа	Сынып	Сапа
Қазақ тілі	2 сынып	70 %	3 сынып.	72%	4 сынып	68%
Әдебиттік оқу	2 сынып	83%	3 сынып	81%	4 сынып	83%
Орыс тілі	2 сынып	71%	3 сынып	80%	4 сынып	69%
Математика	2 сынып	70%	3 сынып	73%	4 сынып	71%
Шет тілі	2 сынып	76%	3 сынып	79%	4 сынып	68%
Жаратылыстану	2 сынып	88%	3 сынып	81%	4 сынып	80%
Дүние тану	2 сынып	85%	3 сынып	85%	4 сынып	90%

2023 -2024 оқу жылы						
Пән	Сынып	Сапа	Сынып	Сапа	Сынып	Сапа
Қазақ тілі	2 сынып	67%	3 сынып.	71%	4 сынып	82%
Әдебиттік оқу	2 сынып	73%	3 сынып	78%	4 сынып	82%
Орыс тілі	2 сынып	71%	3 сынып	72%	4 сынып	66%
Математика	2 сынып	69%	3 сынып	70%	4 сынып	73%
Шет тілі	2 сынып	-	3 сынып	69%	4 сынып	64%
Жаратылыстану	2 сынып	84%	3 сынып	86%	4 сынып	78%
Дүние тану	2 сынып	83%	3 сынып	90%	4 сынып	84%

2024 -2025 оқу жылы						
Пән	Сынып	Сапа	Сынып	Сапа	Сынып	Сапа
Қазақ тілі	2 сынып	71%	3 сынып	70%	4 сынып	64%
Әдебиттік оқу	2 сынып	79%	3 сынып	72%	4 сынып	79%
Орыс тілі	2 сынып	73%	3 сынып	75%	4 сынып	69%
Математика	2 сынып	74%	3 сынып	71%	4 сынып	68%
Шет тілі	2 сынып	-%	3 сынып	81%	4 сынып	65%
Жаратылыстану	2 сынып	91%	3 сынып	85%	4 сынып	78%
Дүние тану	2 сынып	89%	3 сынып	80%	4 сынып	85%

2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп-гимназиямызды МАД –да 82 білім алушы, 1-11 сыныпты 988 оқушы, соның ішінде 5-11 сыныпты 570 білім алушы оқу жылын аяқтап шықты. Барлық сыныптарда оқу бағдарламасының орындалуы мен оқушылардың оқу үлгірімі мен білім сапасы бақылауға алынды. 5-11 сыныптар бойынша жалпы білім беретін барлық пәндер оқу бағдарламасындағы стандарттық талаптарға сай толық оқытылды. 5-11 сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша оқып барлық пәндерден бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бақылау жұмыстары алынды. 11 А,Б сыныптарында 59 оқушыларына қосымша сабаққа шақыртылып ҰБТ дайындық жұмыстарын жүргізілді.

Жалпы оқу жылы қорытындысы бойыншы 1-11сыныптар аралығында 988 оқушы білім алды, білім сапасы 60,2%, оқу үлгірімі 100% құрады. Жалпы 2-11 сыныптарды 867 оқушыға қорытынды баға шықты, 142 оқушы оқу үздігі, 380 оқушы оқу екпіндісі болды.

8,9,11 сынып оқушылары технология пәні сабағын қалалық білім бөлімінің оқу өндірістік камбинаты мектебінде оқып білім алуда. Оқу өндірістік комбинат мектебі қажетті техникалық құралдармен толық жабдықталған оқушылардың білім алуына жағдай жасалған. Сабақ уақыты түстен кейін барып оқып шықты.

Әр сынып бойынша оқу үлгірімі мен білім сапасы.

5 «А» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Бекенова С.К., 23 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген және кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі 7 оқушы, 11 екпінді болды. Білім сапасы 78,2%, оқу үлгірімі 100%.

5 «Б» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Алкебаева К.К., 24 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде оқушы келген жоқ кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі 3 қушы, 14 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 70,8%, оқу үлгірімі 100%.

5 «В» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Қонысбай Н.Қ., 25 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген , кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі 3 оқушы жоқ, 14 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 68,0%, оқу үлгірімі 100%.

5«Г» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Ажибаева А.А.. 26 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген оқушы, кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі 4 оқушы, 11 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 58,0%, оқу үлгірімі 100%.

Жалпы, 5 сыныптар бойынша 98 оқушыға қорытынды баға шықты, оқу үздігі 17 оқушы, оқу екпіндісі 50 оқушы. Білім сапасы 68,3. үлгірім 100 пайыз.

6 «А» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Канапина Г.О., 23 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген және кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі 5 оқушы, 11 екпінді болды. Білім сапасы 69,5%, оқу үлгірімі 100%.

6 «Б» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Болысова С.А., 23 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде оқушы келген жоқ кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі 7 қушы, 8 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 65,2%, оқу үлгірімі 100%.

6 «В» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Гилжанова З.Қ., 25 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген , кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі 5 оқушы жоқ, 13 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 72,0%, оқу үлгірімі 100%.

6«Г» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Жаңабай И.С. 25 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген оқушы, кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі 4 оқушы, 11 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 60%, оқу үлгірімі 100%.

Жалпы, 6 сыныптар бойынша 96 оқушыға қорытынды баға шықты, оқу үздігі 21 оқушы, оқу екпіндісі 43 оқушы болып отыр. Білім сапасы 66,6%, оқу үлгірімі 100% құрады.

7 «А» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Турсынбекова А.М., 24 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген және кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі оқушы жоқ, 13 екпінді болды. Білім сапасы 62,9%, оқу үлгірімі 100%.

7 «Б» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Аманкелді А.А., 25 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде оқушы келген жоқ, кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі 2 оқушы, 9 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 44,0%, оқу үлгірімі 100%.

7 «В» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Хусайынова С., 26 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген оқушы, кеткен оқушы. Оқу үздігі 4 оқушы, 11 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 57,6%, оқу үлгірімі 100%.

Жалпы, 7 сыныптар бойынша 75 оқушыға қорытынды баға шықты, оқу үздігі 6 оқушы, оқу екпіндісі 33 оқушы болып отыр. Білім сапасы 51,9%, оқу үлгірімі 100% құрады.

8 «А» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Түгел А.М., 24 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген және кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі оқушы жоқ, 14 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 58,3%, оқу үлгірімі 100%.

8 «Б» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Забихолла Н., 25 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген, кеткен оқушы жоқ . Оқу үздігі оқушы жоқ, 10оқушы екпінді болды. Білім сапасы 40%, оқу үлгірімі 100%.

8 «В» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Қабимолда А. . 22 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген оқушы, кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі оқушы жоқ, 7 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 31,8%, оқу үлгірімі 100%.

8 «Г» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Булебаева Л.К., 24 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген оқушы, кеткен оқушы. Оқу үздігі оқушы жоқ, 7 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 29,1%, оқу үлгірімі 100%.

Жалпы, 8 сыныптар бойынша 95 оқушыға қорытынды баға шықты, оқу үздігі оқушы жоқ, оқу екпіндісі 38 оқушы болып отыр. Білім сапасы 39,9%, оқу үлгірімі 100% құрады.

9 «А» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Капакова А.Ш. 24 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген және кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі 1 оқушы, 17 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 74,9%, оқу үлгірімі 100%.

9 «Б» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Кокишова А.М.. 19 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген оқушы, кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі 3 оқушы, 9 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 63,0%, оқу үлгірімі 100%.

9 «В» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Сапабекова А.А., 20 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген оқушы – кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі оқушы жоқ, 8 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 40%, оқу үлгірімі 100%.

9 «Г» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Жақсылық Т., 21 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген оқушы - кеткен оқушы. Оқу үздігі оқушы жоқ, 9 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 38,0%, оқу үлгірімі 100%.

Жалпы, 9 сыныптар бойынша 84 оқушыға қорытынды баға шықты, оқу үздігі 4 оқушы, оқу екпіндісі 42 оқушы болып отыр. Білім сапасы 54,7%, оқу үлгірімі 100% құрады.

10 «А» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Ибикенова Л.К. 17 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген оқушы кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі 1 оқушы, 6 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 53,5%, оқу үлгірімі 100%.

10 «Б» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Батталова Ж.А.. 22 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген оқушы, кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі оқушы жоқ, 14 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 63,6%, оқу үлгірімі 100%.

10 «В» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Баяхметова К.Б., 24 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген оқушы, кеткен оқушы жоқ. Оқу үздігі 2 оқушы, 13 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 62,5%, оқу үлгірімі 100%.

Жалпы, 10 сыныптар бойынша 63 оқушыға қорытынды баға шықты, оқу үздігі 3 оқушы, оқу екпіндісі 33 оқушы болып отыр. Білім сапасы 57,1%, оқу үлгірімі 100% құрады.

11 «А» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Мухамедьярова Л.К.. 19 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген оқушы, кеткен оқушы. Оқу үздігі 2 оқушы, 8 оқушы оқу екпіндісі болды. Білім сапасы 52,6%, оқу үлгірімі 100%.

11 «Б» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Қосбергенова А.К. 20 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген, кеткен оқушы жоқ. Оқу үздік оқушы жоқ, 15 оқушы оқу екпінді болды. Білім сапасы 75%, оқу үлгірімі 100%.

10 «В» сыныбы бойынша сынып жетекшісі: Әбдіғапар Н.М., 20 оқушыға қорытынды баға шықты. Тоқсан ішінде келген оқушы, кеткен оқушы жоқ. Оқу үздік оқушы жоқ, 12 оқушы екпінді болды. Білім сапасы 60%, оқу үлгірімі 100%.

Жалпы, 11 сыныптар бойынша 59 оқушыға қорытынды баға шықты, оқу үздігі 2 оқушы, оқу екпіндісі 35 оқушы болып отыр. Білім сапасы 62,7%, оқу үлгірімі 100% құрады

Оқушылардың 3 жылдағы пән бойынша білім сапасы

Пән	Білім сапасы			
	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2024 жылмен салыстырғандағы динамикасы
Қазақ тілі	70,2%	70,3%	80,7%	+10,4
Қазақ әдебиеті	72,7%	73,0%	75,2%	+2,2

Әдебиеттік оқу	80,9%	81,2%	76,4%	-4,8
Ағылшын тілі	73,6%	73,7%	73,8%	+0,1
Орыс тілі	71,8%	73,1%	77,0%	+4,1
Математика	65,3%	69,2%	71,8%	+2,6
Алгебра	57,3%	60,3%	60,4%	+0,1
Геометрия	58,4%	60,6%	61,0%	+0,5
Информатика	93,3%	93,3%	98,5%	+5,2
Жаратылыстану	75,6%	86,1%	77,5%	-8,6
Дүниетану	86,8%	87,8%	84,8%	-3
География	64,4%	71,0%	68,1%	-3
Биология	67,4%	70,8%	77,9%	+7,1
Дүние жүзі тарихы	72,7%	76,0%	77,4%	+1,4
Қазақстан тарихы	63,7%	71,4%	71,9%	+0,5
Физика	62,4%	64,5%	61,%	-3,5
Химия	60,5%	63,8%	62,8%	-1
Адам Қоғам Құқық	77,1%	78,6%	78,6%	0

Оқытудың жай-күйі және білім сапасының серпінділігі

Оқу жылы қорытындысы	Оқушы саны	Оқу екпінділер саны	Оқу озаттар саны	Үлгірі м %	Білім сапасы%	Үлес %
2022-2023	949/829	327	119	100%	53,7%	+0,5
2023-2024	969/869	390	134	100%	60,2%	+6,5
2024-2025	988/867	380	142	100%	60,3%	+0,1

Жалпы мектеп бойынша білім сапасы мен оқу үлгерімінің 3 жылдық салыстырмалы көрсеткіштері

Оқу жылдары	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Барлық оқушы саны	946/829	969/869	988/867
«Алтын белгі»	-	-	2
Үздік аттестатқа бітіргендер	2	5	-
Негізгі мектепті үздік аттестатқа бітіргендер	6	6	1
Озаттар	119	134	142
Екпінділер	327	390	381
Үлгірмеушілер	-	-	-
Сапа	53,7%	60,2%	60,3
Үлгірім	100%	100%	100%

Жалпы орта білім беру курс бағдарлымысын үздік оқыған екі оқушы Байғара Ақзере мен Тойлыбай Гаухар «Алтын белгі» иегері болды. Негізгі орта білім курс бағдарламасын үздік оқығаны үшін «Үздік аттестат» Сейпилова Азима алды. олар салыстырғанда жалпы оқушы

саны 20 балаға артып отыр, 2023-2024 оқу жылына қарағанда оқу озаттары 8 оқушыға көбейіп, оқу екпінділері 9 оқушыға кемігенін байқауға болады. Оқу сапасы өткен оқу жылымен салыстырғанда +0,1% пайызға ғана өсті. 3-жылғы оқу қорытындысы бойынша үлгірмеуші оқушы жоқ.

2024-2025 оқу жылындағы пәндік олимпиадалардың, конкурстардың және ғылыми жобалардың жеңімпаздары (оффлайн)

«Талапкер» ғылыми қоғамының атқарған жұмысы жайлы сараптама

Дарындылық адам психикасының өмір бойы жүйелі түрде дамып, басқалар мен салыстырғанда адамның бір немесе бірнеше іс-әрекет төңірегінде әдеттен тыс, сирек кездесетін жоғары нәтижелерге жету мүмкіндігі. Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі басты мақсатымыз-Мектептің және қосымша білім құрылымның үйлесімі арқылы дарынды балалардың дамуына жағдай жасау, оқушылардың табиғи қабілеттерін танып, біліп дамыту, ғылыми ізденіс әдістерін үйрету арқылы шығармашылыққа баулу. Осы мақсатты жүзеге асыруда алдымызға мынадай міндеттерді алдық.

Міндеттері:

-дарынды балаларды анықтау, қабілеттерін дамыту және оларға қолдау көрсет. Дарынды балаларға психологиялық көмек көрсететін психологиялық –консультациялық қызмет құру;

-әр түрлі оқу жүйелерінің арасынан өз бетінші ойлау қабілеттілігін, ынталықты және шығармашылықты дамытатын әдістерді таңдап алу

-ғылыми – ізденіс жұмыстарға, шығармашылыққа балалардың танымдық қызығушылығын дамыту;

-дарынды балалардың денсаулығын нығайтуға жағдай жасау;

-қабілетті және дарынды балаларды оқушылардың қалалық, облыстық олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға, шығармашылық көрмелерге, әр түрлі байқауларға қатысу мүмкіндігін кеңейту;

Оқушының пәнге қызығушылығын арттыруда «Талапкер» ғылыми қоғамы жұмыс жоспарында пәндік байқаулар, олимпиадалар, интеллектуалды ойын, шығармашылық байқау, ғылыми жоба, пәндік қашықтық олимпиада, ғылыми –практикалық конференциялар іске асырылды.

Тұғыры биік еліміздің ертеңі бүгінгісінен де жарқын болуы – рухы асқақ, өресі биік, білімді де талантты ұрпақ қолында. Ғылым мен білімді ең басты қазынам, байлығым деп есептеп, білімнің ең биік шыңдарын бағындыруға жасаған алғашқы қадамдарының бірі – пән олимпиадасы.

2024-2025 оқу жылында Республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңіне 3-4 сыныптар, 5-6 сыныптар, 7-8 с және 9-11 сынып оқушылар арасында өткізілді. Олимпиада өту орны, бұйрық және хаттама үлгісін берілді. 3-4 сыныптан бойынша барлығы 38 оқушы қатысты, соның ішінде қазақ тілі-7 оқушы, математика пәніне 6 оқушы, жаратылыстану пәніне 6 оқушы, дүниетанудан 6 оқушы, ағылшын тілінен 13 оқушы қатысты. Қорытындысында 10 жүлдегер анықталып, қалалық кезеңде өтетін олимпиадаға қазақ тілінен 3 сынып оқушысы Серікбай Диана (п.м.Бектенова Г.С.) 4 сыныптан Міркемел Жанира (п.м. Әубәкір А.Ғ), математика пәнінен 3 сынып Абат Ержан (п.м. Дуйсенкулова М.У) Жомарт А(п.м. Ибраева С.Д), жаратылыстану пәнінен 4 сынып Әлімгерей К (п.м. Ибраева С.Д), 3 сынып Бақыт Т (п.м. Бажыканова С.А.), дүниетану пәнінен 3 сынып Сәндібек Абдурахман (п.м. Дуйсенкулова М.У.) 4 сынып Серікбай Аймұхан (п.м. Жаканова А.У.) ағылшын тілі пәнінен Махметжанов Альтайыр (п.м. Нугуманова Г.К.), 34 сыныптан Закен Альбина (п.м. Кикбаева А.Т.) қатысады.

5-6 сыныптар арасында 67 оқушы қатысты, соның ішінде қазақ тілі-14, орыс тілі-10 ағылшын тілі-20, география-0, тарих-12, математика-17, жаратылыстану -4, информатика -2, **барлығы -79 оқушы** қатысып, оның ішінде қазақ тілі-2, орыс тілі-2, ағылшын тілі-1, тарих-2, математика-2,

жаратылыстану-2, барлығы -11 оқушы. Қорытындысында 11 жүлдегер анықталып, қалалық кезеңде өтетін олимпиадаға қазақ тілінен 5 сынып оқушысы Ғалымжан З (п.м.Бекенова С.К.), 6 сынып оқушысы Қазыкен Ж (п.м. Бекенова С.К) орыс тілінен Тұрғын И (п.м.Турсынбекова А.М.), Қожахмет А (п.м.Есмуратова А.К), ағылшын тілі пәнінен Сафарғалиева А (п.м. Жаңабай И.С), математика пәнінен Тоқтар Е (п.м. Төлендіқызы Қ), Бақытжан Ш (п.м. Ажибаева А.А.), қазақстан тарихы пәнінен Қайрат Ж (п.м. Қабимолда А.), Берікқызы І (п.м. Булебаева Л), жаратылыстану пәнінен Жаңбыр Н (п.м.Қонысбай Н), Мұханбетқали Д (п.м. Қонысбай Н) барлығы -11 оқушы қалалық кезеңге жіберілді. Қалалық олимпиада қорытындысы бойынша 5 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Жаратылыстану пәнінен 5 сынып оқушысы Мұханбетқали Даян ІІ орын. (п.м Қонысбай Н.Қ.) Ағылшын тілі пәнінен Сафарғалиева Аниса ІІІ орын. (п.м Жаңабай И.С.) Қазақстан тарихы пәнінен Берікқызы Інжу ІІ орын. (п.м Булебаева Л.) Қазақ тілі пәнінен Ғалымжан Зере ІІІ орын. (п.м Бекенова С.Қ.) 6 сыныптар бойынша орыс тілі пәнінен Тұрғын Ислам ІІІ орын.(п.м Турсунбекова А.М.)

7-8 сыныптар арасында 60 оқушы қатысты, соның ішінде қазақ тілі-5, орыс тілі-6 ағылшын тілі-11, география-0, тарих-13, математика-9, информатика -, химия-5, физика-5, биология-5 **барлығы - 60 оқушы** қатысып, оның ішінде қазақ тілі-2, орыс тілі-1, ағылшын тілі-2, тарих-2, математика-2, информатика -1, химия-1, физика-2, биология-1. Қорытындысында 14 жүлдегер анықталып, қалалық кезеңде өтетін олимпиадаға қазақ тілінен 7 сынып оқушысы Амантай Е (п.м.Канапина Н.О.), 8 сынып оқушысы Бақытбекова І (п.м. Забихолла Н) орыс тілінен Мейрамғали Ж (п.м.Есмуратова А.К), ағылшын тілі пәнінен Қуаныш А (п.м. Гильжанова З.К.), 8 сыныптан Әшір Ж (п.м. Капакова А.Ш.) математика пәнінен 8 сыныптан Төлеген Н (п.м.Копанова Н.Л), Аментай Наргүл (п.м.Козбағарова К.С.), қазақстан тарих пәнінен Мұхамбетқалижан Ш (п.м. Амангелді А.А.), Әжіғали Д (п.м.Қабимолда А), физика пәнінен Сабыржан А, Қойбағар Н (п.м. Жабағы Е.Ғ), химия пәнінен Сәтжан Н (п.м.Молдағажиева З.), биология пәнінен Еслан А (п.м.Ешмғалиев С.К.) барлығы -14 оқушы қалалық кезеңге жіберілді. Олимпиада қорытындысы бойынша біздің мектеп-гимназиямыздан 7 сынып ағылшын тілі Қуаныш Айзере ІІІ орын. (п.м Гильжанова З.К.) физика пәнінен 7 сынып Қойбағар Н ІІІ орын. (п.м Жабағы Е.Ғ.) 8 сынып ағылшын тілі Әшір Ж ІІІ орын. (п.м Капакова А.Ш.) қазақ тілі Бақытбекова І ІІІ орын. (п.м Забихолла Н.М.) орыс тілі Мейрамхан Ж ІІІ орын. (п.м Есмуратова А.К.) физика пәнінен 8 "Б" сынып оқушысы Сабыржан Абай ІІ орын. (п.м Жабағы Е.Ғ.)

9-11 сыныптар арасында 83 оқушы қатысты, соның ішінде қазақ тілі-7, орыс тілі-12 ағылшын тілі-8, география-7, тарих-13, математика-4, информатика -2, химия-5, физика-9, биология-11, құқық негіздері-4 оның ішінде қазақ тілі-2, орыс тілі-1, ағылшын тілі-1, тарих-2, математика-1, физика-1, биология-3, география -1, құқық негіздері-2. Қорытындысында 16 жүлдегер анықталып, қалалық кезеңде өтетін олимпиадаға қазақ тілінен Тойлыбай Д (п.м. Канапина Г.О), Амирбек К (п.м. Бекенова С.К) орыс тілінен Ердаuletқызы Т (п.м.Есмуратова А.К.), ағылшын тілі пәнінен Әбузар Н (п.м. Кикбаева А.Т.), математика пәнінен Айдаров Е (п.м. Баяхметова К.Б.), қазақстан тарих пәнінен Қуаныш М (п.м. Турсынбеков А.Ж.), Русланқызы А (п.м. Батталова Ж.А.) физика пәнінен Рамазан Т (п.м. Жабағы Е.Ғ), биология пәнінен Байғара А (п.м.Ешмғалиев С.К), Камали ә (п.м.Болысова С.А.), Қали Н (п.м. Жапарова А.К.) география пәнінен Рамазан Ж (п.м.Әбдіғапар Н.М), құқық негіздері Нұржанова Ж, Төлеш А (п.м.Тургумбаева Г.Ш), барлығы -16 оқушы қалалық кезеңге жіберілді. Қорытынды бойынша 11 оқушы жүлделі орынға ие болды. Облыстық кезеңге қалалық кезеңнен бірінші орын алған Тойлыбай Г (қазақ тілі), Айдаров Е (математика), Байғара А (биология) жолдама алды. Облыстық кезең қорытындысы бойынша математика пәні бойынша Айдаров Е ІІІ орын, қазақ тілі пәні бойынша Тойлыбай Г ІІ орын, биология пәні бойынша Байғара А сертификатқа ие болды.

2024-2025 оқу жылы бойынша Республикалық пән олимпиадасының ІІ қалалық, ІІІ облыстық кезеңінің қорытындысы


№	Пән	Оқушының аты-жөні	Сынып	Мұғалімі	қалалық	облыстық
---	-----	-------------------	-------	----------	---------	----------

1	қазақ тілі мен әдебиеті	Тойлыбай Гаухар	11 «А»	Канапина Г.О.	I	II
2	қазақ тілі мен әдебиеті	Әмірбек Камила	10 «А»	Бекенова С.Қ.	II	
3	орыс тілі	Ердаулетқызы Томирис	10 «В»	Есмуратова А.К.	II	
4	Қазақстан тарихы	Қуаныш Меруерт	10«В»	Турсынбеков А.Ж.	II	
5	Ағылшын тілі	Әбузар Нұрдаулет	9 «Б»	Кикбаева А.Т.	III	
6	физика	Рамазан Тоғжан	10«А»	Жабағы Е.Ғ.	III	
7	Биология	Байғара Ақзере	11 «А»	Ешмғалиев С.К.	I	сертификат
8	Биология	Камали Әли	9 «Б»	Болысова С.А	III	
9	Құқық негіздері	Төлеш Асыл	9 «Г»	Тургумбаева Г.Ш.	II	
10	География	Рамазан Жанайым	11 «В»	Әбдіғапар Н.М.	III	
11	Математика	Айдаров Ерхан	10 «В»	Баяхметова Қ.Б.	I	III

Қалалық жалпы пән олимпиадасының үш жылдық салыстырма көрсеткіші

	Оқушы саны	Жүлделі орын	Жалпы пайызы
2022-2023	18	7	38,8
2023-2024	10	7	70
2024-2025	16	11	68,75
Динамика	+6	+4	1,25

Пән олимпиадасының үш жылдық салыстырмалы диаграммасы бойынша, 2022-2023 оқу жылында 18 оқушы қатысып, 7 жүлделі орынға иеленіп 38,8 пайыз көрсеткіш көрсетті. 2023-2024 оқу жылында 10 оқушы, 7 жүлделі орынға иеленіп 70 пайыз көрсеткіш көрсетті. 2024-2025 оқу жылында 16 оқушы қатысып, 11 жүлделі орынға ие болып, 68,75 пайыз көрсетіп отыр. Оқушы саны +6, жүлделі орын +4, жалпы пайыз +1,25 өсу динамикасы байқалады



Қалалық деңгейдегі сайыстар, байқаулар, олимпиадалар

- «Арқалық қаласы білім бөлімі» ММ «Сөз маржан» Collaboration Fest байқауы «Жыр жауһары» номинациясы бойынша Сәндібек Абдурахман 3 «Г» I орын. (п.м Дуйсенкулова М.У.), Түгел Мадина 6 «А» I орын.(п.м Канапина Г.О.), Берікқызы I 5 «Г» II орын.(п.м Забихолла Н.М.), Ергазина Б 9 «Б» II орын. (п.м Түгел А.М.), Мешітбай А 7 «Б» II орын. (п.м Уахит М.С.), «Қылқалам шебері» Хамидолла Әмина 4 «Б» III орын. (п.м Жаканова А.У.), «Сөз майталманы» Қабылахат А 2 «Г» I орын.(п.м Қапсалықова С.Қ.
- «Арқалық қаласы білім бөлімі» ММ «Менің шағын Отаным» атты қалалық сайыс «Менің шағын отанымның болашағы» макет Ердаулетқызы Т 10 «В» I орын, «Менің шағын отанымның тарихы» бейнеролик Касымбек Сабина 10 «Б» III орын. (п.м Батталова Ж.А.) «Менің шағын отанымның тұлғалары» эссе Тыныштық Ж 9 «А» I орын. (п.м Турсунбеков А.Ж.)

- «Арқалық қаласы білім бөлімі» ММ Бастауыш сынып оқушылары арасында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының қалалық кезеңінде «Тарих, өлкетану» бағыты бойынша 3 «Д» сынып Бақыт Б, Серікбай Д ІІ орын. (п.м Бектенова Г.С.)
- «Арқалық қаласы білім бөлімі» ММ «Мемлекеттік тіл-мерейім» атты қалалық сайыс Табылды Айғаным 8 «Б» ІІ орын. (п.м Забихолла Н.М.)
- «Арқалық қаласы білім бөлімі» ММ «Тіл-ұлттың жаны» атты қалалық сайыс Түгел Мадина 6 «А» ІІ орын. (п.м Канапина Г.О.)
- «Арқалық қаласы білім бөлімінің қосымша білім беру орталығы» КММ «Жеңіс» спартакиадасы шеңберінде қала және ауыл мектептерінің оқушылары арасында өткен жеңіл атлетика жарысында 500 м қашықтықта қыз балалар арасында Оразбекова Ш, Мұқаш С І орын. (п.м Шалабаев Д.А.)
- «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығы Республикалық 5-6 сынып оқушыларының «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде Өмірбай Аяулым 6 «Г» ІІІ орын (п.м Жақсылық Т.А.), Қалел Нұрбек 5 «Г», Тұрғын Ислам 6 «В» І орын (п.м. Ажибаева А.А.)
- Республикалық 5-6 сыныптарға арналған жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының қалалық кезеңінде Мұханбетқали Даян 5 «В» ІІ орын (п.м.Қонысбай Н.Қ.), Сафарғалиева Аниса 5 «Б» ІІІ орын (п.м.Жаңабай И.С.), Берікқызы Інжу 5 «Г» ІІ орын (п.м. Булебаева Л.), Ғалымжан Зере 5«А» ІІІ орын (п.м.Бекенова С.Қ.), Тұрғын Ислам 6 «В» ІІІ орын (п.м.Турсынбекова А.М.)
- «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығы Республикалық 3-4 сынып оқушыларының «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының аудандық кезеңінің Койшикулова Камила 3 «Д» ІІ орын (п.м. Бектенова Г.С.), Темірбек Сәндібек 3 «Г» ІІІ орын, Берікұлы Нұрмұхаммед 3«Г» сертификат (п.м.Дүйсенкулова М.У.), Жомарт Арсен 4 «Г» І орын (п.м.Ибраева С.Д.), Русланқызы Аяулым 4 «А» ІІІ орын (п.м.Аубакирова А.Ғ.), Бекнұрұлы Н 4 «В» сертификат (п.м. Абдрахманова А.С.)
- «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығы Республикалық 10-11 сынып оқушыларының «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының аудандық кезеңі Тұрсынбек Гүлім 11 «В» І орын, Шашубай Ақерке 10 «Б» ІІІ орын (п.м.Баяхметова К.Б.), Рамазан Тоғжан, Батырхан Бақыт 10 «А» сертификат (п.м.Кокишева А.М.), Нұрсұлтан Гүлханым 11 «Б» сертификат (п.м. Косбергенова А.К.)
- Математика пәнінен 5-8 сыныптарға арналған жасөспірімдер олимпиадасы Тоқтар Ернұр 5«В» ІІ орын (п.м Төлендіқызы Қ), Тұрғын Ислам 6 «В» ІІ орын (п.м Ажибаева А.А.), Көптілеу Нұрдаулет 7 «А» ІІІ орын (п.м Баяхметова К.Б.), Рамазан Еркеназ 8 «Б» сертификат(п.м Копанова Н.Л.)
- 7-8 сыныптарға арналған республикалық жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының қалалық кезеңі ағылшын тілі-Қуаныш Айзере 7 «В» ІІІ орын (п.м. Гильжанова З.К.), Әшір Жансая 8 «А» ІІІ орын (п.м Капакова А.Ш.), физика Қойбағар Нұрислам 7 «А» ІІІ орын, Сабыржан Абай 8 «Б» ІІ орын (п.м Жабағы Е.Ғ.), Қазақ тілі Бақытбекова Інжу 8 «Б» ІІІ орын (п.м Забихолла Н.М.), орыс тілі Мирамхан Жанел 7 «В» ІІІ орын (п.м Есмуратова А.К.)
- Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімі»ММ «Тәуелсіз Қазақстан балалар көзіміен» республикалық конкурсының қалалық кезеңі, эссе номинациясы Қазыкен Жанерке 6 «Б» ІІІ орын (п.м Бекенова С.К.), сурет номинациясы Арғынғазы Аяла 2 «Б» І орын (п.м Садуова Ж.Т.)
- Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімі»ММ ағылшын тілі пәнінен «Тәуелсіздік деп соғады жүрегім» мәнерлеп оқу байқауы Сейпилова Азима 9 «А» ІІІ орын (п.м Капакова А.Ш.),Рамазан Еркеназ 8 «Б» ІІІ орын (п.м Нугуманова Г.К.)
- Қостанай облысы әкімдігі Арқалық қаласы білім бөлімі» ММ физика пәнінен 7-8 сыныптар арасындағы қалалық жасөспірімдер олимпиадасы Досова Дария 8 «А» ІІ орын, Қойбағар Нұрислам 7 «А» сертификат (п.м Жабағы Е.Ғ.)


- Арқалық қаласының әкімдігі аппараты «Мемлекеттік қызмет-абыройлы міндет» тақырыбындағы Арқалық қаласы мен ауыл мектептерінің 11 сынып оқушылары арасындағы қалалық эссе байқауы Ержігітова Аружан 11 «Б» III орын (п.м Ибикенова Л.Қ.)
- «Арқалық қаласы білім бөлімі» ММ "Тарихыңды тани біл" тарихи танымдық байқау Мағау Жәния, Салыққызы Назерке, Темірхан Айзере 5 «Б» II орын (п.м Булебаева Л),
- «Арқалық қаласы білім бөлімі» ММ "ProEco" Республикалық экологиялық жобалар конкурсының қалалық "Туған өлке табиғаты" Қайрат Шайзада 5 "В" II орын, "Таза қала сізден басталады" Жетпіс Санжар 5 "В" III орын (п.м Қонысбай Н.Қ), "Мені қоршаған әлем-ғажайып әлем" Салыққызы Назерке 5 "Б" II орын
- «Арқалық қаласы білім бөлімі» ММ информатика пәні бойынша қалалық жасөспірімдер олимпиадасы Қасымхан Жанерке 5 «Б» III орын (п.м Жақсылық З.Б.)
- "Арқалық қаласы білім бөлімі" ММ 5-11 сынып оқушылары арасында мультимедиялық жобалар фестивалінің қалалық кезең "Визуалды бағдарламалау" Бигелді Алдияр. I орын (п.м Қайырова Ж), «Web жоба" Алмат Лунара 10 «Б» III орын (п.м Жақсылықова З.Б.), "3D-модельдеу" Қуанышбек Назгүл 10 I орын (п.м Косбергенова А.К.)
- Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің» ММ Композитор Ш.Қалдаяқовтың 95 жылдық мерейтойына орай білім беру мекемелері арасында өткен «Ән көгінің сұңқары-Шәмші» атты әндер байқауында Бауыржан Жанайым I орын (п.м Мырзағалиева Н.Ә.)
- Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы ХХІ Халықаралық «Алтын микрофон-2025» аймақтық әншілер байқауының іріктеу кезеңінде Бақыт Төре 3 II орын, Бертағы Әмина 4 «Б» II орын, Болат Ақниет 4 «Г» (п.м Мырзағалиева Н.Ә.)

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің» Республикалық «Абай оқулары» байқауының қалалық кезеңінде «Әнді сүйсең менше сүй» номинациясы бойынша Қайрат Жайдары 6 «Г» I орын (п.м Мырзағалиева Н.Ә.), Атлант Аруна 8 «А» I орын, Отар Мухамедәли 11 «Б» II орын (п.м Ибикенова Л.Қ) (п.м Сәндібек Әбдурахман 3 «Г» III орын (п.м Дүйсенкулова М. У.)

«Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер орталығы КМҚК Алаш зиялысы, ақын, аудармашы, публицист М.Дулатұлының 140 жылдығына орай өткен «Өлеңмен оятқан бар қазақты» атты оқушылар арасындағы қалалық жыр мүшәйрасында Отар Нұрислам III орын (п.м Бекенова С.К.) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігі Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетінде «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту» білім беру бағдарламасының ұйымдастыруымен қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын-жазушы, жалынды көсемсөз шебері Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына орай «Келешектің тұтқасы-білімді ұрпақ» атты бастауыш сынып оқушыларының III аймақтық пәндік олимпиадасында Қуат Зере 3 «А» II орын (п.м Сейдахова Г.) Кішкентай Нұрлыбай 3 «Б» II орын (п.м Бажыканова С.А.), Өмірзақ Гүлсана 3 «В» II орын (п.м Тәкілова Г.О.), Серікбай Диана 3 «Д» II орын (п.м Бектенова Г.С.)


Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің» Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жұмыстар байқауы Рамазан Әділхан 9 «А» физика I орын (п.м Жабағы Е.Ғ) Қуаныш Меруерт 10 «В» информатика III орын (п.м Дүйсенов Қ.А.) Батырхан Бақыт 10 «А» орыс тілі II орын (п.м Ибрагимова Н.С.)

2024-2025	Тілдер күніне орай сайыс	Махамбет оқулары	«Менің кіші Отаным» атты жас тарихшылар байқауы	«Сөз маржан» Collaboration Fest	Жеңіл атлетика	“Зерде” жобасы	5-6 сынып «Алтын сақа»	5-6 с жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы	10-11 с «Алтын түлек»	«Математика олимпиадасы 5-8 сын	«Тәуелсіздік балалар көзімен	9-11 олимпиадасы	3-4 сынып «Алтын сақа»	7-8 олимпиада	Ағылшын тілі «Тәуелсіздік деп соғады жүрегім»	Физика 7-8 с калалық жасөспірімдер олим	Мемлекеттік қызмет-абыройлы міндет»	«Тіл-ұлттың жаны»	"ProEco"	информатика пәні жасөспірімдер олимп	мультимедиялық жобалар фестивалінің	«Ән көгінің сұңқары-Шәмші»	"Тарихыңды тани біл"	«Алтын микрофон-2025»	«Абай оқулары»	«Өлеңмен оятқан бар қазақты»	Келешектің тұтқасы-білімді ұрпақ»	жалпы
	2/2	1/1	3/3	7/7	2/2	2/2	6/3	11/5	5/2	4/3	2/2	16/11	6/4	14/6	2/2	2/1	1/1	1/1	3/3	1/1	3/3	1/1	3/1	3/3	5/5	1/1	4/1	111/77



Облыстық деңгейдегі сайыстар, байқаулар, олимпиадалар

жыл	«Ақберен»	Ғылыми жоба	7-10 қазақ тілі олимпиадасы	“Менің кіші Отаным”	АТАЖҰРТ-БІЛІМДІЛЕР МЕКЕНІ»	Президенттік олимпиада	Қазақстан тарихы 7-10	“Funny” қашықтық	Ағылшын тілі 7-10 сынып	«Махамбет оқуы»	«Kostanay EDU Hackathon 2024»	«Сөз маржан» Collaboration Fest байқауы	«Red fest» робототехника	9-11 олимпиада	Математика пәні қашықтық олимпиадасы	«Атамекен»	«Around the world»	«Бастау»	Алтын микрофон-2025	5-6 сынып арналған «Алтын сақа»	3-4 сынып арналған «Алтын сақа»	«Абай оқулары»	физика пәні қашықтық олимпиадасында	7-8 ұлттық география олимп	жалпы
2024-2025	2/2	1/1	3/3	2/1	2/2	2/1	4/4	32/32	43/42	1/1	3/0	4/3	1/1	3/2	3/3	7/7	4/4	3/1	2/2	2/1	2/2	1/1	1/1	1/1	129/120




- Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы облыстық «Махамбет оқулары» байқауы Сабыржан Абай 8 «Б» I орын. (п.м Қабдуалиев А.М.)
- «Арқалық қаласы білім бөлімі» ММ «Сөз маржан» Collaboration Fest байқауы «Жыр жауһары» номинациясы Сәндібек А 3 «Г» I орын. (п.м Дуйсенкулова М.У.), Түгел М 6 «А» II орын. (п.м Канапина Г.О.), Ергазина Б 9 «Б» мадақтама. (п.м Түгел А.М.), «Сөз майталманы» номинациясы Қабылахат А 2 «Г» II орын. (п.м Қапсалықова С.Қ.)
- Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы облыстық Президенттік олимпиадасы I облыстық кезең 11 «А» Байғара А сертификат. (п.м Кокишева А.М.), Аментай Ж 11 «Б» II кезеңге (республикалық) жолдама. (п.м Косбергенова А.К.)
- Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы облыстық «Менің шағын Отаным» атты сайыс Ердаuletқызы Т 10 «В» II орын. (п.м Батталова Ж.А.), Тыныштық Ж 9 «А» сертификат. (п.м Турсунбеков А.Ж.)
- «Қостанай дарыны» өңірлік әдістемелік орталығы» Қазақ тілі және әдебиеті пәні бойынша қашықтық олимпиадасы Елдос С 9 «А» II орын. (п.м Ибикенова Л.Қ.), Берікқызы I II орын, Баяхметова А 8 «Б» III орын. (п.м Забихолла Н.М.)
- Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы Республикалық «Ақберен» өнер байқауының облыстық кезеңі Ержігітова А 11 «Б» II орын. (п.м Ибикенова Л.Қ.), Сабыржан А 8 «А» I орын. (п.м Қабдуалиев А.М.)
- «Қостанай дарыны» өңірлік әдістемелік орталығы» «Funny English» ағылшын тілі бойынша қашықтық олимпиадасы Бақытжан Д, Жомарт А 4 «Г», Сұлтанов Е 3 «Б» II орын, Кішкентай Н, Серік Ә, Тоқтар С 3 «Б», Койшыкулова К, Серікбай Д 3 «Д» III орын. (п.м Гильжанова З.К.), Жомарт К, Жаңбырбай Ж I орын, Жалғас К II орын, Бақыт Б, Ербосын Н III орын. (п.м Алкебаева К.К.), Нұртай Н, Нағашыбай И, Мұратбек А 3 «В» I орын, Махметжанов А II орын. (п.м Нугуманова Г.К.), Бақыт Т, Асылхан Ә, Жақсылықов Ә, Думанова А, Жұмабек Н, Наурызбай Ж I орын, Жаңбыр А, Балтабай А II орын, Досымбек Ә, Ерұлан А, Нұрлыбек А III орын. (п.м Жаңабай И.С.), Әлімбай С 3 «Г», Бертағы Ә, Қабдеш Т 4 «Б» II орын, Байғоныс Ж 4 «Б» III орын. (п.м Кикбаева А.Т.)
- Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық жобалар конкурсының облыстық кезеңі Қуаныш М 10 «В» III орын. (п.м Дүйсенов Қ.А.)
- Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы Робототехника және бағдарламалау бойынша «Red FEST» ашық халықаралық фестивалінің облыстық кезеңі Ахметжан Т 6 «А» II орын. (п.м Дүйсенов Қ.А.)
- Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің Ғ.Қайырбеков атындағы №9 жалпы білім беретін мектебі» КММ «Қазақтың көрнекті ақыны Ғафу Қайырбековтың 96 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген облыстық «АТАЖҰРТ-БІЛІМДІЛЕР МЕКЕНІ» этногеографиялық интеллектуалдық конкурсы Әлімгерей Кәусар, Салыққызы Іңкәр 4 «Г» II орын. (п.м Ибраева С.Д.)
- Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы «Тәуелсіз Қазақстан балалар көзіміен» республикалық конкурсының облыстық кезеңі 2 «Б» Арғынғазы Аяла сертификат (п.м Садуова Ж.Т.)
- «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан тарихы бойынша қашықтық олимпиадасы Баяхметова А 8 «Б», Қуанышбек А 8 «А», Тыныштық А 8 «Г» II орын, Бахытбекова I 8 «Б» I орын. (п.м Турсунбеков А.Ж.)

- Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы»ММ «Kostanay EDU Hackathon 2024» облыстық байқауы Қуаныш М 10 «В», Рамазан Ә, Ақылбек Ш 8 «А» сертификат. (п.м Жабағы Е.Ғ., Дүйсенов Қ.А., Тұрғанбек И.)
Қыз балаларға арналған көркем еңбек (41,8 кв/м) кабинетіне 8 тігін машинасы, 1 оверлок машинасы орналастырылды. Ноутбук Win 10, қалқан дистрибьюторы, қабырға тақтасы, оқушының орындығы, мұғалім креслосы-1, көпфункционалды шкаф-2, темір инелер мен жіптер жиынтығы, тігін машинасына арналған инелер жиынтығы және қолөнерге арналған иірілген жіп жиынтығы-8, ілмектер жиынтығы, қайшы-15, зығыр және оны қайта өңдеу өнімдері, мақта және оны қайта өңдеу өнімдері, жібек және оны қайта өңдеу өнімдері, жүн және оны қайта өңдеу өнімдері, білім алушыларға арналған фартуктар-16, фетр алты түсті-1 метрден, тоқыма жіптер- 6 түсті. кесте тігу машинасы-1, үтіктеу тақтасы-1, тігінші манекені-1 дана. Ас үйге арналған асхана үстелі-6, білім

алушыларға арналған орындық-12, электр плитасы-1, сорғыш-1, ас үй ыдыстары- 1 комплект, магниттік ұстағышы бар 6 PR пышақ жинағы, тоңазытқыш-1, араластырғыш-1, шайнек-2 , микротолқынды пештер-2. Барлық жабдықтармен қамтамасыз етілген кабинеттерде қажет болған





жағдайда әр оқушы құралдарды жеке қолдана алады. Музыка кабинетінің аудан көлемі 19,7 кв\м. Кабинетте пәннің оқытылуына барлық жағдай қарастырылған. Бір тумбалы мұғалім үстелі, ортопедиялық кресло, музыкалық аспаптар шкафы, екі орындық оқушы үстелі- 10, Felica орындығы - 20, қабырға тақтасы-1. Музыкалық аспаптар: сазсырнай нота А-ля, -1, нота G-соль-1, асатаяк-2, шанқобыз-1, сакпан-2, блок-флейта-2, Tree kantos- акустикалық гитара-1, марракаса-3, тамбурин Alice 5 Eloу-3, тамбурин Alice АТВ-002 ВК-2, дабыл-1, кастанета-1г синтезатор-1, синтезатор сөресі-1, вокалды микрофон-1, микрофон тірегі-1, пюпитр-11, кашпо-1, композиторлардың портреттері-1, «Ноталар» тақырыбындағы стенд, алғашқы көмек жинағы-1.

Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды оқыту процесі Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ғылыми-практикалық орталығы мен Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік құралдары көмегі негізінде жүзеге асырылады. ПМПК-ның берілген қорытындысы бойынша білім алушылар мектебіміздегі инклюзивті білім берудің ресурстық орталығына психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуге ата- аналардың келісімі бойынша келіп білім алуда.



Мектеп-гимназияда психологиялық қызмет көрсетуге арналған кабинет (37 кв/м) жұмыс жасайды. Кабинетте компьютер арнайы құрылғысымен -2, мұғалім үстелі мен креслосы, шәкірт үстелі мен пропилен орындықтар, жартылай ашық шкаф-2, "Сенсорлық пластиналар", түзету-дамыту жинағы, сәндік көбелек жапсырмалары, К-Т құм сағаты, босаңсытқыш шам, Д. Векслер тесті (балалар нұсқасы), Иматон баспасы, психологтың чемоданы, Семагоның диагностикалық жиынтығы, Орақ текшелерін сынау, "Шу қозғалтқышы" жинағы, сегіз түсті Люшер сынағы, Нұсқаулық пен карталар жиынтығы, құмды анимацияға арналған жарық үстелі, мөлдір мольбертпен Арт-терапия кешені, модульдік массаж төсеніші, Ортодон жиынтығы, ассорти массаж шары 9 см, дамытушы модуль, "шот"лабиринті, тактильді қабырға, акустикалық панелі 120X100 см SP0015, тактильді дамыту панелі (6 домино) тікенді сенсорлық шарлар 6 дана, білекті дамытуға арналған қабырға модулі (ойық бойымен қозғалыс), панельді дамыту, "Құлыптар" тактильді-дамытушы панелі, керек-жарақтары бар алғашқы көмек жинағы, тактильді текшелер- 10 дана, тактильді доп d 9см- 1 дана.



STEM зертханасы (80,1 кв/м) заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған. Интерактивті Панель 75 Android 11.0, панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS) 3-тен 1-ге дейінгі қашықтан басқару пульті (гироскоп, қашықтан басқару пульті, пернетақта), электрмен жабдықтау

қалқаны Core i 7-10700, мұғалімдерінің жүйелік блогы, монитор 23,8" Web Cam пернетақта + тінтуір, тінтуір тақтасы, тышқан, желілік сүзгі 5 метр 5 розетка, құлаққап гарнитурасы, А4 3в1 көпфункционалды құрылғы, штативтегі 70 x 100 флипчарт бар. Физика бойынша тәжірибе жинағы: «Механика»-1, «Дыбыс»-1, «Электр тогы»-1, «Оптика»-1, «Жылу физикасы»-1, «Жалпылама физика»-1 курстарына арналған шағын зертхана, STEM технологиясын оқып үйренуге мұғалімге арналған жинақ, 10 робот жасайтын конструкторлар, Йо Тик М2. «Ақылды жылыжай» комплекті, қорғаныс көзілдірігі – 15, қолғап-15, оқушыға арналған стол-15, орындық-15, 2 көпфункционалды шкафтармен жабдықталған. Робототехника кабинетінде (47,8 кв/м)- флипчарт тақтасы, мұғалім үстелі ортопедиялық кресло, көпфункционалды шкаф, өріс үстелі, «LEGO Education Spike» 45345 негізгі жиынтығы, «LEGO Education Spike Prime» 45678 жиынтығы, «LEGO Education Spike Prime» 45681 кеңейтілген жиынтығы,

«BricQ motion prime» 45400, «BricQ motion start» (essential) 45401, «LEGO® Technic™ small Hub негізгі SPIKE™» жинағына арналған қайта зарядталатын батарея, «Qbit зерттеуші» білім беру конструкторы, шағын сумо жарыс алаңы, Борты жоқ Робот, футбол алаңы, Жарыс алаңы, «Кегельринг» жарысына арналған алаң, Raspberry Pi үйренуге арналған «Crowtail Стартер» Жинағы, IoT Green House Kit интернет технологиясын үйренуге арналған жинақ, «Arduino MEGA KIT», «Arduino UNO KIT» жинағын үйрену, «Arduino UNO KIT» кеңейтілген жиынтығын үйрену, қуыршақ Y, Arduino үшін 37 сенсор жиынтығы, «Arduino master» жинағы, «Robotank» робот конструкторы, «Біз Arduino MEGA жиынтығын үйренеміз» және «Роботтарды пайдалану салалары», «Роботтың бөлшектері», «Роботтың түрлері», «Робототехника жайлы қысқаша сипаттама» тақырыптарында стендтермен жабдықталған.

АРТ-студия кабинеті (37,9 кв/м) мектептің екінші қабатында орналасқан. Кабинетте флипчарт тақтасы, қолтықтары жоқ роликті орындық, сурет салу үстелі, 1 орындық (5,6-бағ), мұғалімнің үстелі, модульдік үш жақты 3 орындық реттелетін үстел (гр.4-6), полипропилен орындық, жартылай ашық шкаф, Беквам, 50см Wacom графикалық планшеті, веб-камера 2.0 5W, динамик жүйесі, пернетақта+тінтуір, тінтуір тақтасы, микрофон-телефон гарнитурасы, монитор 23,8 , мольберт Лира, құрама металл, ағаш мольберттер, жиналмалы натюрморт үстелі, мүсінші үстелі (бук, фанера), аяқтары жоқ зерттеу қорабы, қайың этюд қорабы 16в2 400x520x85мм, киіз инелері- 5 дана, Картон праймер, акрил 2мм 20x30см, төсек-орынға арналған эмульсиямен қапталған картон, белок щеткасы, қылқалам қылшықтары, қорап-сандық, керамикалық бұйымдар жиынтығы- 4, түстер ғылымына кіріспе- 16 кесте, дүниежүзілік кескіндеме кестелері-25, сәндік-қолданбалы өнер жиынтығы-6, репродукциялар-22 дана, Третьяков галереясының шедеврлері, Мемлекеттік Эрмитаж жиынтығынан- 26 дана, суреттерді кептіруге арналған сөрелер 650x400x1580 мм орналасқан.



Дене тәрбиесі бойынша бағдарламаны орындау үшін мектеп аумағында жалпы алаңы бар үлкен спорт залы (266,8м2), кіші спорт залы (121,3 м2) бар. Мұғалім кабинеті мен білім алушылардың киім ауыстыратын жері-2. Сабаққа қажет құралдардың барлығы бар. Атап айтсақ: гимнастикалық ешкі-4, обруч- 15, волейбол торы-2, волейбол доптары-7, шағын футболға арналған қақпа -2, футбол добы – 10, шаңғы- 50, теннис шарлары- 10, теннисі ракеткасы-8, баскетбол доптары-10, футбол доптары-10, баскетбол торы-2, шағын футбол қақпасы-2, жалпақ гимнастикалық матрастар- 20, лақтыруға арналған гранаталар-8, секірткіш-10, ауыр доптар кг-10, лақтыруға арналған доптар-3, тоғызқұмалақ-15, шахмат тақтасы-8, секіртпе -20, лақтыруға арналған граната - 5, ұзын гимнастикалық таяқшалар-20, гимнастикалық орындық-5.



3 жылдық материалды-техникалық базаның қаржыландыру көрсеткіші

	Оқулық	Техникалық құрал	Медициналық жабдықтар	Спорттық жабдықтар	Жиһаздар	Материалды емес заттар	Барлығы
2022ж	11 000 000тг	-	-	-	-	2 500 000тг	13 500 000тг
2023ж	13 000 000тг	11 752 000тг	-	-	11 000 000тг	51 538 000тг	75 590 000тг
2024ж	-	28 988 020	-	-	883 014	3 590 000	33 461 034тг

4.Пәндер бойыша оқу бағдарламасының орындалуы

2024-2025 оқу жылында 5-11 сыныптардағы барлық пәндерден оқу жоспары бойынша белгіленген базалық стандартқа сәйкес оқу бағдарламасы толық игерілді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің оқу жоспары 5-9 сыныптар қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін

5-9 сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспарын әзірлеудің нормативтік құқықтық және әдістемелік негіздері:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» *Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы;*

Білім класс электронды сынып журналының уақытылы толтырылуы үнемі бақылауда болды. Оқушылардың күнделікті дайындығына байланысты 1-10 баллдық жүйеде қалыптастырушы бағалары қойылды. Уақытылы қалыптастырушы баға қоймаған, үй тапсырмасына белгі қоймаған мұғалімдерге ескерту жасалды. Оқушы білімін нақтылау мақсатында алынған БЖБ мен ТЖБ балдары жүргізілді. Күнделікті оқушылардың білімін бақылау ата-аналар тарабынан дұрыс ақпарат уақытылы берілді.. 1-11 сынып жетекшілері ата-ана мен оқушыларға электронды журналды күнделікті кіріп мұғаліммен кері байланыс жасап отыру керегін түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Пән бойынша педагогтардың сапалы құрамы (3 қосымша)

Пән аттары	Саны	Санаты						
		жоғары	Орташа арнайы	зерттеуші	сарапшы	модератор	педагог	басқа
Қазақ тілі	7	7		1	2	3	1	
Орыс тілі	6	6		1	1	3	1	
Тарих	6	6		0	2	3	1	
Физика	3	3		0	1	1	1	
Математика	8	8		0	2	3	3	
Химия	2	2		0	1	1	0	
География	2	2		0	0	1	1	
Биология	3	3		0	1	2	0	

Шет тілі	7	7		2	1	4	0	
Информатика	5	5		0	0	1	4	
Музыка	2	2		0	0	2	0	
Көркем еңбек	2	2		0	0	1	1	
Дене шынықтыру	7	7		0	2	5	0	
1-4 сынып	18	17	1	2	8	6	2	
Барлығы	78	77	1	6	21	36	15	

5-11 сыныпта оқу бағрамасының орындалуы, пән мұғалімдері

№	Оқу пәндері	Базалық оқу бағдарламасында берілген сағат саны							Базалық оқу бағдарламасында берілген сағат санының орындалғаны						
		5	6	7	8	9	10	11	5	6	7	8	9	10	11
1	Қазақ тілі	102	102	102	102	34	34	34	102	102	102	102	34	34	34
2	Қазақ әдебиеті	68	68	68	68	102	68	68	68	68	68	68	102	68	68
3	Орыс тілі мен әдебиеті	102	102	102	102	102	68	68	102	102	102	102	102	68	68
5	Ағылшын тілі	102	102	102	102	102	102	102	102	102	102	102	102	102	102
6	Математика	170	170						170	170		-	-	-	-
7	Алгебра	-	-	102	102	102	136	136	-	-	102	102	102	136	136
8	Геометрия	-	-	68	68	68	68	68	-	-	68	68	68	68	68
9	Информатика	34	34	34	34	34	68	68	34	34	34	34	34	68	68
10	Жаратылыстану	68	68	-	-	-	-	-	68	68	-	-	-	-	-
11	География			68	68	68	68	68	-	68	68	68	68	68	68
12	Биология	-		68	68	68	68	68	-	68	68	68	68	68	68
13	Физика	-	-	68	68	68	68	68	-	-	68	68	68	68	68
14	Химия	-	-	34	68	68	68	68	-	-	34	68	68	68	68
15	Дүниежүзі тарихы	34	34	34	34	34	34	34	34	34	34	34	34	34	34
16	Қазақстан тарихы	68	68	68	68	68	68	68	68	68	68	68	68	68	68
17	Адам.Қоғам, құқық	-	-	-	-	34	34	34	-	-	-	-	34	34	34
20	Музыка	34	34	-	-	-	-	-	34	34	-	-	-	-	-
22	Көркем еңбек	68	68	34					68	68	34	-	-	-	-
23	Дене шынықтыру	102	102	102	102	102	102	102	102	102	102	102	102	102	102

5. Емтихан нысанында білім алушылардың қорытынды аттестаттауын талдау туралы 9 сыныптар бойынша емтихан қорытындысына сараптама

2024-2025 оқу жылында 9 сыныптар бойынша 84 оқушы бітірді. 9А сыныбында 24 оқушы, 9Б сыныбында 19 оқушы, 9В сыныбында 20 оқушы, 9 «Г» сыныпта 21 оқушы. Денсаулығына байланысты және дәрігерлік анықтамасымен 2-і оқушы емтиханнан босатылды. Олар: Мусаева Ақбота 9 «Б» сынып және 9 «В» сынып оқушысы Жолдасбаев Жанболат. Үздік аттестатқа ие болған жалпы 1 оқушы, 9 «А» сыныбында Сейпилова Азима. Емтихандар белгіленген кесте бойынша қазақ тілі, математика, орыс тілі таңдау пәндері география, Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, биология пәндерінен алынды. Барлық пәннен емтихан жазбаша түрде болды.

9 «А» сыныбының емтихан көрсеткіші, оқушы саны 24 оқушы, үздік оқитын 1 оқушы

Пәндер атауы	Емтихан бағасы	Қорытынды баға	Сапа
--------------	----------------	----------------	------

	«5»	«4»	«3»	«5»	«4»	«3»	
Қазақ тілі	3	17	4	3	17	4	83,3%
Алгебра	1	22	1	1	18	5	79,1%
Орыс тілі	2	22	0	2	22	0	100%
Қазақстан тарихы	5	17	2	5	16	3	87,4%

9 «Б» сыныбының емтихан көрсеткіші. Оқушы саны 18 оқушы. Үздік оқушы жоқ

Пәндер атауы	Емтихан бағасы			Қорытынды баға			Сапа
	«5»	«4»	«3»	«5»	«4»	«3»	
Қазақ тілі	4	7	7	4	7	7	61,1%
Алгебра	4	8	6	3	9	6	66,6%
Орыс тілі	7	10	1	7	10	1	94,4%
География	4	7	7	4	7	7	61,1%

9 «В» сыныбының емтихан көрсеткіші. Оқушы саны 19 оқушы.

Пәндер атауы	Емтихан бағасы			Қорытынды баға			Сапа
	«5»	«4»	«3»	«5»	«4»	«3»	
Қазақ тілі	0	12	7	0	11	8	57,8%
Алгебра	0	10	9	0	10	9	52,6%
Орыс тілі	2	12	5	2	12	5	73,6%
Биология	2	7	10	5	4	10	47,3%

9 «Г» сыныбының емтихан көрсеткіші. Оқушы саны 21 оқушы

Пәндер атауы	Емтихан бағасы			Қорытынды баға			Сапа
	«5»	«4»	«3»	«5»	«4»	«3»	
Қазақ тілі	0	9	12	0	9	12	42,8%
Алгебра	0	11	10	0	9	12	42,8%
Орыс тілі	4	11	6	4	11	6	71,4%
Қазақстан тарихы	0	13	8	0	11	10	52,3%

9 сыныптар бойынша жалпы емтихан көрсеткіш

Пәндер атауы	барлығы	Соның ішінде				% үлгірім	% сапа
		«5»	«4»	«3»	«2»		
Қазақ тілі	82	9	45	28	0	100%	65,8%
Алгебра	82	5	51	26	0	100%	68,2%
Орыс тілі	82	15	55	12	0	100%	85,3%

Қазақстан тарихы	45	5	30	10	0	100%	77,7%
География	18	4	7	7	0	100%	61,1%
Биология	19	2	7	10	0	100%	47,3%

11 сыныптар бойынша қорытынды аттестаттау сараптамасы

2024-2025 оқу жылында 11 сыныптар бойынша 59 оқушы бітірді. 11А сыныбында 19 оқушы, 11Б сыныбында 20 оқушы, 11 «В» сыныпта 20 оқушы жалпы орта білім мектеп курсын аяқтады. «Алтын белгі» аттестат иегері Байғара Ақзере мен Тойлыбай Гаухар. Емтихандар белгіленген кесте бойынша қазақ тілі, қазақ әдебиет, алгебра және анализ бастамалары, орыс тілі, Қазақстан тарихы, бейіндік пәндер бойынша алынды. Қазақ тілі және қазақ әдебиетінен пәнінен жазбаша (эссе), алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша (бақылау жұмысы), орыс тілі, бейіндік пәндер (биология, география, физика) жазбаша (тест), Қазақстан тарихы ауызша (билет) түрінде алынды.

11 сыныптар бойынша емтихан көрсеткіші

емтихан	пән атауы	емтиханға қатысушы саны	"5"	"4"	"3"	"2"	сапа
эссе	Қазақ тілі	59	10	41	8	0	86,4%
Жазбаша	Алгебра және анализ бастамалары	59	2	36	21	0	64,4%
	Орыс тілі	59	21	38	0	0	100%
	Қазақстан тарихы	59	10	42	7	0	88,1%
	Қазақ әдебиеті	19	4	15	0	0	100%
	География	20	8	12	0	0	100%
	Физика	20	0	12	8	0	60%

11 «Б» сынып оқушыларының тест қорытындысы (ҰБТ) (мамыр-маусым) (№1тест)

№	Оқушының аты-жөні	Матем сауат	Оқу сауат	Қазақ тарих	Дүние жүзі тарихы	Құқық	Қазақ тілі	Әдебиет	Информатика	Ағылшын тілі	География	Биология	Химия	Физика	Математика	Қорытынды
	Сұрақтар саны	10	10	20	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	
1	Алданғор Елнұр	5	9	10										15	10	49
2	Аментай Жулдыз	6	8	16							24				30	84
3	Амирбек Алибек	4	10	11										14	11	50
4	Болат Айбол	5	9	11					15						11	51

[illegible][illegible]

[illegible]

6. Білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын заманауи технологияларды, оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін, оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру құралдарын және т.б жобаларды енгізудің тиімділігі

Бастауыш сынып мұғалімдерінің құзіреттілігін арттыру мақсатында әдістемелік жоспар жоспар бойынша 07.04-14.04 аралығында «Талаптың мініп ұшағын, Білімге ұмтыл ұрпағым» атты тақырыппен 1-2 сыныптар арасында пән апталығы өтті. Апталық басталмас бұрын апталықтың жоспары құрылып, әдістеме бірлестігінің екінші отырысында талқыланды және бекітілді. Апталықтың бірінші күні 07.04 күні апталықтың ашылу салтанаты болды. Бұл ашылу салтанатында оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, өткізілетін іс - шаралардың жоспары, апталықтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылып өтті. Мектеп кіре берісінде апталықтың бағдарламасы және ашық сабақтардан ғарышкерлер күніне арналған суреттер ілінді, түрлі интеллектуалды ойындар ұйымдастырылды. Апталықтың өтілу жоспары алдын- ала жоспарланып, бекітілді. Бастауыш сынып апталығы 7 сәуір күні апталықтың ашылуын өткізуден басталды. Апталықтың онкүндігі мектеп акт залында жалғасты, онда 1-сынып оқушыларының іс-шарасымен жалғасын тапты. Іс-шараны «Қадірлі о ұстаз» әнімен 1 Б сынып оқушылары ашып берді, 1 А сынып оқушыларының «мақта қыз бен мысық ертегісі көрінісімен жалғасын тапты, оқушылар Абай атамyzдың жыр шумақтарынан үзінділері оқыды. Оқушылар білім туралы жаттаған тапқақтарын айтып берді. Әрі қарай 1 В, 1 Д биші қыздары билерімен көрермендерге тамаша көңіл-күй сыйлады. Құлақтан кіріп, бойды алар, Жыақсы ән мен тәтті күй демекші 1 Г сынып қыздары «Тәуелсіз Қазақтың қызымын» атты әндерімен ерекшеленді. Оқушылармен ойын ойнатылды. Оқушыларға осы уақытқа дейін өткен тақырыптарымыз бойынша сұрақтар қойылды. Жақсы жауап берген оқушыларға сыйлықтар берілді. Әрі қарай 1 В сынып оқушыларының «Мектебім» әнімен, және 1 Д сынып оқушыларының «Мен қазақтың қызымын» әнімен іс-шарамыз қорытындыланды.

Құрылған жоспарға сай мұғалімдер өз ашық сабақтарын көрсетті. Мұғалімдер ашық сабақтарында жаңа форматтағы әдіс-тәсілдерін тиімділігіне қарай шебер қолдана білді. Сабақтарға бастауыш сынып мұғалімдері, мектеп әкімшілігі қатысып, талдау жасалып, жақсы баға берілді. Мұғалімдер сабақ өткізудің түрлі формаларын практика жүзінде танытты. Апталықтың үшінші күні 9-сәуір күні алғашқы ашық сабақты 2- сабақта 1 «А» сыныбында математика пәнінен Альмаганбетова Г.Ш. «20 көлеміндегі сандар» тақырыбында өткізді. Сабағына мектеп мұғалімдері және оқу ісінің меңгерушісі қатысты. Сабақ әдістемелік талапқа сай құрылған. Сабақ сәлемдесумен, психологиялық дайындықпен басталып, оқушылардың өткен білімдерін тексере отырып, жаңа сабақпен байланыстыра сабақтың тақырыбын ашты. Сабақта оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді мұғалім өзінің шеберлігін көрсете отырып, қолдана білді. Оқушылар берілген тапсырмаларды рет-ретімен орындай отырып, тапсырмаларды толығымен қамтып, өз білімдерін көрсете білді. Сабақ барысында жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстар жүргізілді. Мұғалім оқушыларды сабаққа қызықтыра білді және бағалауды оқушылар құрылған критериялар арқылы өздері бағалады және стикерлер арқылы кері байланыс жасады.

9-сәуір күні екінші ашық сабақ 1 «Г» сыныбында жаратылыстану пәнінен 3 сабақта Шайкамалова Г.Б. «Жасанды жарық көздері» тақырыбында өткізді. Сабағына мектеп мұғалімдері және оқу ісінің меңгерушісі қатысты. Сабақ әдістемелік талапқа сай құрылған. Сабақ сәлемдесумен, «Тілек шамы» әдісі арқылы бір-бірлерінің алақандарын ұстап жылы лебіздері психологиялық ахуалмен басталып, оқушылардың өткен білімдерін «Сұрақ-жауап» шам әдісімен тексере отырып, «Миға шабуыл» әдісі жаңа сабақпен байланыстыра сабақтың тақырыбын ашты. Оқулықпен жұмыс «Стоп кадр» әдісімен жаңа сабақ толықтай мұғалімнің көмегімен түсіндірілді. Сабақта оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді мұғалім өзінің шеберлігін көрсете отырып, қолдана білді. Оқушылар берілген тапсырмаларды рет-ретімен орындай отырып, тапсырмаларды толығымен қамтып, өз білімдерін көрсете білді. Сабақ барысында жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстар жүргізілді. Мұғалім оқушыларды сабаққа қызықтыра білді және бағалауды оқушылар құрылған критериялар арқылы өздері бағалады және стикерлер арқылы кері байланыс жасады. Оқушылармен «Қызықты тәжірбие жасайық» атты мұғалімнің көмегімен тәжірбие жасалып, оқушылар өздеріде жасап көрді. Сабақ барысында жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстар жүргізілді. Сабақты қорыту үшін «Wordwall» платформасын пайдаланып өткен сабақты қорытындылады. Мұғалім оқушыларды сабаққа қызықтыра білді және бағалауды оқушылар домбыра арқылы өздері бағалады және электр заряд әдісі кері байланыс жасады.

10-сәуір күні ашық сабақ 1 Д сыныбында математика пәнінен 2- сабақта Қаби М.А. 11-ден 20-ға дейінгі сандар / Көгөніс қалай өседі? тақырыбында өткізді. Сабағына мектеп мұғалімдері және оқу ісінің меңгерушісі қатысты. Сабақ әдістемелік талапқа сай құрылған. Сабақты психологиялық ахуалдан бастап оқушыларды жақсы көңіл күйге бағыттап білді. Оқушылар өте тәртіпті, ынталы

қатысты және топпен жұмыс жасай білді. Өткенді пысықтау «Сақина салмақ» ойынымен пысықталды. Тақырыпты ашу мақсатында видеоның көмегімен оқушыларға сыни тұрғыдан ойландыратын өз бетінше шешім шығаруға, өз ойын ортада еркін түрде білдіруге бағыт берді. Сабақ барысында жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстар жүргізілді. Мұғалім оқушыларды сабаққа қызықтыра білді және бағалауды оқушылар құрылған критериялар арқылы өздері бағалады және стикерлер арқылы кері байланыс жасады. Сабақты қорытындылау үшін «Worldwall» платформасы арқылы есептер шығарады. Мұғалім оқушыларды сабаққа қызықтыра білді және бағалауды оқушылар bilim.class арқылы өздері бағалады және «Торсық рефлексиясы» әдісі кері байланыс жасады.

10-сәуір күні ашық сабақ 1 В сыныбында ана тілі пәнінен 3- сабақта Есжанова А.К. «Теңге алу» тақырыбында өткізді. Сабақты психологиялық ахуалдан бастап оқушыларды жақсы көңіл күйге бағыттай білді. Оқушылар өте тәртіпті, ынталы қатысты және топпен жұмыс жасай білді. Мұғалім оқушылармен тығыз байланыста екенін, сонымен бірге мұғалімнің шеберлігі жоғары екенін көрсете білді. Әр тапсырмадан кейін бағалау парағы толтырылып отырды. Бағалау парағы арқылы оқушылар өзін-өзі бағалай білуге үйренеді. Оқушылар берілген тапсырмаларды рет-ретімен орындай отырып, тапсырмаларды толығымен қамтып, өз білімдерін көрсете білді. Сабақта ақпараттық коммуникациялық технологиялар тиімді пайдаланды. Сабақтың тапсырмалары жас ерекшеліктеріне сай құрастырылып берілді. Сабақтың соңында балалар өзін-өзі, бір-бірлерін бағалай алды. Рефлексия жасалып, кері байланыс орнатылды.

10-сәуір күні ашық сабақ 2 Г сыныбында математика пәнінен 3-сабақта Махметжанова Г.М. «Санды бірнеше есе арттыруға немесе кемітуге және еселік салыстыруға берілген есептер» тақырыбында өткізді. Сабақты психологиялық ахуалдан бастап оқушыларды жақсы көңіл күйге бағыттай білді. Сабақтың құрылымы бір сарынды емес, әр түрлі тапсырмалар, әркілі әдіс-тәсілдер қолдану арқылы оқушылармен жеке жұмыс, топпен жұмыс жасады. «Миға шабул» стратегиясы кезінде деңгейлік тапсырмалар қолданды. Оқушылар сабақ соңында рефлексия жасады.

10-сәуір күні ашық сабақ 2 Б сыныбында жаратылыстану пәнінен 2- сабақта Садуова Ж.Т. «Күн сәулесі қайда кетті?» тақырыбында өткізді. Сабақ 5 кезеңнен тұрды. Мұғалім сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдер қолдана отырып, сабақты қызықты, мазмұнды өткізуге тырысты. (сұрақ-жауап, түсіндіру, іздендіру) Жаттығулар, қайталаулар арқылы теориялық білімдерін практикалық жолмен дәлелдеп бере алады. Көрнекі құралдары мол және тиімді пайдалана білді. Оқушылар сабақта белсенді қатысып отырды. Әдебиет, тарих сабақтарымен байланысты болды. Мұғалімнің сабақ жоспары әдістемелік талап тұрғысына сай құрылған. Сабақта жаңа ақпараттық- технология негізінде әдіс-тәсілдер қолданылды. Сабақта тіл мәдениетіне, сөйлеу дағдыларына, тәрбиелік кезеңдеріне көңіл бөлінді. Өздік жұмыс, қабілетті оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді. « Ақылды үкі» кері байланысты дұрыс ұйымдастырды.

14-сәуір күні ашық сабақ 1 Б сыныбында ана тілі пәнінен 2- сабақта Оралбаева К.Ө «Шынығу» тақырыбында өткізді. Мұғалімнің сабақ жоспары әдістемелік талап тұрғысына сай жоғары деңгейде құрылған. Сабақта жаңа ақпараттық технология негізінде әдіс-тәсілдер қолданылды. Оқушылар өздігінен оқуға деген қызығушылықтарын білдіре алды. Оқушылар үш топқа түрлі-түсті стикерлер арқылы бөлінді. Сабақта күнделікті өмірмен байланысқа, сөз мәнеріне, сөйлеу дағдыларына тәрбиелік кезеңдеріне көп көңіл бөлінді. Өздік жұмыс, қабілетті оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді. Қабілеті төмен оқушылармен жұмыс жасауға көп көңіл бөле отырып, алған білімдерін тұрақтандыру үшін лайықты тапсырмаларды оңтайлы бере алады. Сабақ өз мақсатына жетті.

14-сәуір күні ашық сабақ 2 В сыныбында әдебиеттік оқу пәнінен 2 сабақта Қапсұлтан Т.Т «Табиғатқа қамқор бол» тақырыбында өткізді. Сабағына мектеп мұғалімдері және оқу ісінің меңгерушісі қатысты. Сабақ әдістемелік талапқа сай құрылған. Сабақ сәлемдесумен, психологиялық дайындықпен басталып, оқушылардың өткен білімдерін тексере отырып, жаңа сабақпен байланыстыра сабақтың тақырыбын ашты. Сабақ барысында жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстар жүргізілді. Мұғалім оқушыларды сабаққа қызықтыра білді және бағалауды оқушылар құрылған критериялар арқылы өздері бағалады және стикерлер арқылы кері байланыс жасады. Сабақты қорытындылау үшін «Worldwall» платформасы арқылы есептер шығарады. Мұғалім оқушыларды сабаққа қызықтыра білді және және «Қоржын рефлексиясы» әдісі кері байланыс жасады.

Әр мұғалім сабақты әр түрлі тапсырмалар, әркілі әдіс-тәсілдер қолдану арқылы оқушылармен жеке жұмыс, топпен жұмыс жасады. Мұғалімдер оқушылармен тығыз қарым –қатынаста жұмыс жасай отырып, оқушыларды ынталандыра, өздерінің педагогикалық шеберлігін көрсете білді. Берілген тапсырмалар балаларға қызықты болғандықтан, тапсырмалар тез орындалды. Апталықтың жабылуы 14 сәуір күні мектеп акт залында 2-сыныптардың ұйымдастырған іс-шарамен қорытындыланды. Апталықтың жабылуында 2-сыныптың сұлу қыздарының «Жау жаңбыр» биімен

ашылып, оқушылардың тапқатарына кезек берілді. Әрі қарай 2 А сынып оқушыларының «Ұстазым» әні орындалды. Оқушылардың Ғарышкер Айбар атты көрінісіне көрермендер ерекше ықылас білдірді. 2 В сынып оқушыларының әнімен іс-шарамыз өз мәресіне жетті.

Бастауыш сынып оқушылары мен мұғалімдері ерекше көңілмен дайындалды. Бұл апталықта бастауыш сынып мұғалімдері оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдана білді, оқушылардың білім алуға қызығушылығын арттырды, өз шығармашылықтарын шыңдап, педагогикалық шеберліктерін көрсете білді.

Апталық қорытындысы бойынша оқушылар пән бойынша жақсы білім көрсеткіштерін көрсетті және білімдерін шыңдады. Бұл бастауыш сынып мұғалімдерінің ерінбей еткен еңбегі, өзара ынтымақтастықпен жұмыс істеуі арқасында келген жетістік деп ойлаймын.

“Білім әлеміне саяхат!” тақырыбында 3-4 сыныптар арасында 18 қараша мен 25 қараша аралығында апталық өтті.

Апталықтың мақсаты: Заман талабына сай білім беру арқылы оқушылар мен әріптестер арасындағы қарым – қатынасты нығайта отырып, өз бетімен ізденіп, білім алуға деген ынтылас, жалынды болашақты жаңашылдыққа баулу барысында барлық бірінші сынып оқушылары қатысып, өнерлерін көрсетті. Оқушылар оқу-білім туралы жаттаған өлең жолдарын айтты. Апталықтың ашылу салтанатына бастауыш сыныптардың оқу-ісінің орынбасары Салтанат Мырзахметқызы мен ғылыми ісі-жөніндегі орынбасары Нурсулу Лесбековна қатысты. Бастауыш сыныптардың оқу-ісінің меңгерушісі Салтанат Мырзахметқызы оқушыларға сәттілік тілеп, апталықтың ашылуымен құттықтады. Үшінші сынып жетекшілері апталықтың жоспарымен таныстырып, апталықтың ашылуын ұйымдастырды.

3 сыныптар «Білім әлеміне саяхат!» атты апталықтың ашылуын ұйымдастырды. Апталықтың ашылуы өте жоғары деңгейде өтіп . Оқу ісінің орынбасарларының марапатына ие болды.

3 «Д» сыныбында жаратылыстану пәнінен Қанайналым жүйесі қалай жұмыс істейді» тақырыбында ашық сабақ Бектенова Гаухар, 3 «А» сыныбында қазақ тілі пәнінен «Түбір мен қосымшаның жазылуы» тақырыбы бойынша ашық сабақ Сейдахова Гүлжанат, 4«В» сыныбында қазақ тілі пәнінен «Сөйлемнің біріңғай мүшелері және олардың тыныс белгілері» тақырыбында ашық сабақ Абдрахманова Ақмоншақ, 3«В» сыныбында дүниетану пәнінен «Спорт-денсаулық кепілі!» тақырыбында ашық сабақ,

4«Б» сыныбында әдебиеттік оқу пәнінен «Алтын сақа» тақырыбында ашық сабақ Жаканова Айман, 3«Г» сыныбында әдебиеттік оқу пәнінен «Түскі тамақ-күшті тамақ» тақырыбында ашық сабақ өтілді. 3«Б» сыныбында математика пәнінен «Тіктөртбұрыш пен шаршының ауданын табу» тақырыбында ашық сабақ Бажыканова Сауле сабақ өте жоғары деңгейде өтті. 4«Г» сыныбында жаратылыстану пәнінен «Заттардың қасиеті өзгерді ме?» тақырыбында ашық сабақ Ибраев Сауле, 4«А» сыныбында әдебиеттік оқу пәнінен «Кітап-асыл қазына» Әубәкірова Алмагул. Ашық сабақтардан тыс сыныптан тыс шарасы да өткізілді. «Спорт денсаулық-кепілі» атты спорттық іс-шара өтіп өте жақсы ұйымдастырылағн. Сыныптар марапатталып , мұғалімдер әдістемелік талап тұрғысына сай жоғары деңгейде құрылған сабақтар өткізді. Сабақта жаңа ақпараттық-технология негізінде әдіс-тәсілдер қолданылды. Ұлттық құндылықты да ұмытпаған. Сабақтары өте жоғары өтіліп, үлгілі деген марапат алды. 25 қараша күні « Білі әлеміне саяхат!» ертеңгілігімен аяқталды. Оқушылар ән, би, көрініс дайындап, барынша жауапкершілікпен қарап, өз өнерлерін өте жақсы көрсетті. Сынып жетекшісі: Тәкілова Гүлнұр. Сабақ өте жоғары деңгейде өтті. Жасанды интеллект қолданылған қолданылған, жүйелі құрылған. Сабақ баспаға беруге ұсынылды.

2024 жылдың желтоқсан айының 12-13 аралығында "Адам және қоғам" пән бірлестігінің әдістемелік күні өтті. Қазақстан тарихы пәнінен 13.12.2024 ж Батталова Ж.А. 10"Б" сыныбымен "Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері", 12.12.2024 ж 11«А» сыныбына Турсунбеков А.Ж. «Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктері», Аманкелді А.А. 7"Б" сыныбымен "1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі ", Қабимолда А.Ж. 7 "Г" сыныбымен " Халықаралық байланыстардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі», Булебаева Л.К 5 «г» сыныбына «"Алтын адам" тарихи олжа», құқық пәнінен Турғумбаева Г.Ш. 9 "А" сыныбында "Неке қию және тоқтату шарттарын анықтау" тақырыптарында ашық сабақтарын өткізді. Ұстаздарымыз оқушылардың сабаққа деген қызығушылын ояту үшін сабақ барасында сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту үшін жасанды интеллект, жаңа технология әдістерін, жаңа платформаларды пайдалана отыра жүргізді. Тарих пәні мұғалімдерінің сабағына қатысқан ұстаздарымыз өздеріне қажетті мағлұматтарды алып, кері байланыс берді. 17.02-24.02 аралығында мектеп-гимназиямызда "Адам және қоғам" пән бірлестігінің "Тарих біліміндегі цифрлық технологиялар" тақырыбында апталығы өтті. Апталық салтанатты ашылудан басталды. Апталық барысында тарих және құқық негіздері пән мұғалімдері өз ашық сабақтарын беріп, сыныптан тыс іс шараларын өткізді. 19.02. Батталова Ж.А. 10 "Б" сыныбымен "Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі", 18.02. Қабимолда А. 6 "Г" сыныбымен "XIII-XV

ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті", Амангелді А.А. 7 "Б" сыныбымен "Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты" тақырыптарында, 20.02. Булебаева Л.К. 5 "Г" сыныбымен "Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы", Турсунбеков А.Ж. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының тарихи негізі" тақырыптарында өтсе, 21.02. құқық негіздері пән мұғалімі Тургумбаева Г.Ш. "Қандай жағдайларда әкімшілік жауапкершілік туындайды?" тақырыбында өтті. Әр мұғалім өз сабақтарында жасанды интеллект элементтерін, жаңа технология әдістерін пайдаланып, топтық, жұптық, жеке жұмыстар жүргізді. Мұғалімдер үлкен ізденушілікпен дайындалған. Ұстаздарымыздың сабақтары үлкен шығармашылық деңгейде, жан-жақты, жаңа цифрлық технологияларды тиімді пайдалана отыра өтті. Оқушылар белсенді ат салысып, үлкен қызығушылық танытты. Қатысқан ұстаздар оң бағаларын берді. Сонымен қатар 21.02.2025 ж. 9 сыныптар арасында Батталова Ж.А. «Ұлы дала тарихы» зияткерлік сайыс, 8 сыныптар арасында 21.02.2025 ж. Турсунбеков А. Ж "Тарих-ғасырлар күәсі" зияткерлік сайыс, "Тарих әлеміне саяхат" тақырыбында 5 сыныптар арасында арасында Булебаева Л. К Қабимолда А, 10 сыныптар арасында «Фемида» сайыс Тургунбаева Г. Ш, Амангелді А.А 7 сыныптар арасында "Тарих әлемі" зияткерлік сайыс өткізді. 24.02.2025 ж апталықтың жабылу барысында белсене ат салысқан оқушыларға мақтау қағаздарымен марапатталды. Апталықтың мақсаты – оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. Алдын ала апталықтың жоспары ӘБ отырысында қарастырылып, директордың бұйрығымен жоспар жасалынды. Мектептің файесінде апталықтың жоспары ілініп, безендірілді. Құрылған жоспар бойынша барлық сыныптар қамтылып, пән мұғалімдері бір ашық сабақ пен сынаптан іс-шара өткізді

03 желтоқсан күні онкүндіктің ашылу салтанаты мектеп АКТ залында ұйымдастырылды. Химия пәні мұғалімі Хусайынова С. Ж. 04 желтоқсан күні 9 «А» сыныбында «1 (I)А-топ элементтері және олардың қосылыстары» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабағы жоғары деңгейде өткізілді. Сабақ барысында оқушылармен топтық, жеке, зертханалық жұмыстар жүргізілді және миға шабуыл, топтық, жекелей жұмыстарды сабақ барысында тиімді пайдалана білді. Ашық сабақта ақпараттық коммуникациялық технологиялар кең ауқымда пайдаланылды атап айтқанда: «play.kahoot.it», «WordWall», «Plickers.com» сынды жаңа технологиялар сабақта тиімді қолданылды және мақсатқа жету барысында оқытушымен оқушы арасындағы байланыс бола білді. Оқушылардың жұмыс жасауына бағыт бере отырып оқушыларды сабаққа белсенді қатыстыра білді және тапсырмалар орындауда сабақтың әр кезеңінде бағалау критерийлері арқылы кері байланыс жасалды. Химия пәні мұғалімі Молдағажиева З. С. 06 желтоқсан күні 8 «Б» сыныбында «Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар. Химиялық реакциялардың жылу эффектісі» тақырыбында сабақ өткізді. Сабақ құрылымы өте жоғары деңгейде құрылған. Тақырыпқа сай видео көрсетті, топтық, жекелей жұмыстарды сабақ барысында тиімді пайдалана білді. Сабақ үй тапсырмасын «WordWall» платформасына сұрақ жауап ретінде бастады және жаңа сабақты ой қозғау мақсатында миға шабуыл әдісі арқылы сұрақтар беріліп оқушылардың сабаққа деген қызығушылығымен ынтасын арттыра отырып жаңа сабақтың тақырыбын аша білді. Сонымен қатар, сабақ барысында да «WordWall» платформасын қолданды және бағалау критерийлері арқылы оқушылардың орындаған тапсырмалары тексеріліп кері байланыс беріп отырды және «Еркін микрофон» әдісі арқылы сабаққа қорытынды жасалынды. Сабақ жоғары деңгейде өтті. Жабағы Е. F 05.12.24 күні 9 «А» сыныбына «Бүкіләлемдік тартылыс заңы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақты үй тапсырмасын «play.kahoot.it» бағдарламасы арқылы тест тапсырмасымен қорытындылады, ал жаңа сабақты тақырып бойынша есептер шығарылды. Сонымен қатар, сабақтың әр кезеңінде бағалау критерийлері арқылы бағалап отырды және тақырып бойынша сыни сұрақтарда беріліп сабақ жоғары деңгейді өтті. Физика пәні мұғалімі Қайырова Ж.Е. 04.12.24 күні 7«Б» сыныбына «Үйкеліс күші.Үйкеліс әрекетін техникада ескеру» тақырыбында ашық сабақ өткізді.Сабақ барысында үй тапсырмасы сұралып,жаңа сабақты ой шақыру және бейнеролик көрсету арқылы оқушыларды сабаққа қызықтыра отырып,жаңа сабақты түсіндірді.Сабақ барысында оқушылар «WordWall» арқылы қызықты тапсырмалар орындады. Сабақ барысында оқушылар белсенділік танытты. Физика пәні мұғалімі: Калиев Е. К. 04.12.24 күні 8 «В» сыныбында «Электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ құрылым деңгейі жақсы құрылған. Тақырыпқа сай зертханалық жұмыстар жасады, топтық, жекелей жұмыстарды сабақ барысында тиімді пайдалана білді. Сабақ үй тапсырмасын және сабақты қорытындылауда <https://quizizz.com> платформасына сұрақ жауап ретінде бастады және жаңа сабақты ой қозғау мақсатында миға шабуыл әдісі арқылы сұрақтар беріліп оқушылардың сабаққа деген қызығушылығымен ынтасын арттыра отырып жаңа сабақтың тақырыбын аша білді.Биология пәні мұғалімі Болысова С.А. 04.12.24 жылы «Жүрек қантамырлар жүйесінің аурулары» тақырыбында 8«А» сыныбында ашық сабақ өткізді. Сабақ құрылымы жасанды интеллект платформасында құрылған. Сабақ «Lumio» платформасында жасалған. Сабақ барысында бейнежазбалар көрсетіп

оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырды. Сабақта топтық, жұптық тапсырмалар қамтылған. Сонымен қатар әр тапсырмаға кері байланыс жасалып, қорытындылап отырда.

География пәні мұғалімі Әбдіғапар Н. М. 05.12.2024жылы «Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы» тақырыбында 8 «А» сыныбында ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында үй тапсырмалары сұралып, қорытындыланды және жаңа сабақты ой шақыру және бейнеролик көрсету арқылы оқушыларды сабаққа қызықтыра отырып жаңа сабақты түсіндірумен бастады. Сабақ барысында географиялық диктант, картамен жұмыс жасау әдістерін қолданыды және сабақты тест сұрақтары арқылы қорытындылады. Сонымен қатар мұғалімдер ашық сабақпен қатар сыныптан тыс іс-шараларды да өткізді. Сыныптан тыс іс-шараларды интеллектуалдық сайыс ретінде ұйымдастырды, сайыста оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырумен қатар әр түрлі қызықты тапсырмалар орындай отырып өздерінің білім деңгейлерін шындай білді. География пәні мұғалімі Қонысбай Н.Қ.

04.12.24жылы «Ғаламдық экологиялық проблемалар тақырыбында 10 «Б» сыныбына ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында жаңа платформалар, көрнекіліктер пайдаланды. Сабақ барысында Plikers, Mentimeter, 3d Mozaik платформаларын қолданды. Сонымен қатар, сабақ барысында да «WordWall» платформасын қолданды және бағалау критерийлері арқылы оқушылардың орындаған тапсырмалары тексеріліп кері байланыс беріп отырды және «Еркін микрофон» әдісі арқылы сабаққа қорытынды жасалынды.

2024 жылдың қазан айының 15-16 күндері мектеп гимназиямызда ағылшын тілі пән бірлестігінің әдістемелік күні өтті. Гилжанова Зауреш Колшкарбаевна 10 «Б» сыныбында «Hurricane Katrina: the tragedy of new Orleans» тақырыбында, Алкебаева Камшат Койшугуловна 5 Г сыныбымен «Flags of the world» тақырыбында, «Amazing stadiums» атты тақырыпта 9 А сыныбында Капакова Асем, Шагиповна, «Online shopping» тақырыбында 8 Б сыныбымен Нугуманова Гайниса Кайрбековна, «Dolphins» атты тақырыпта 11 А сыныбында Мухамедьярова Лаззат Куанышбековна, 6 Б сыныбында «Writing a biography» тақырыбында Жаңабай Индира өткізді. Ұстаздарымыз сабақ барысында қазіргі талапқа сай "Learning apps", "Padlet", "Gynzy" платформасын, "Magical school", "Twee", "Heygen" жасанды интеллектісін қолданды. Сабақтарда видео материалдар, қосымша ақпараттар, көрнекіліктер кеңінен пайдаланылды. 3.02-07.02 аралығында мектеп-гимназиямызда ағылшын тілі пән бірлестігінің апталығы өтті. Мақсаты: Мұғалімдердің сабақ беру және оқушылармен жұмыс жасау барысын бақылау. Апталық кезекті салтанатты ашылудан басталды. Ашылу барысында оқушылар ағылшын тілінде өлеңдер оқып, ән айтып өз өнерлерін көрсетіп, викториналық сұрақтарға жауап берді. Апталық барысында пән мұғалімдері ашық сабақтар және сыныптан тыс іш-шаралар өткізді. Сабақтарға пән мұғалімдері және директордың оқу және ғылыми ісі жөніндегі орынбасарлары қатысып оң бағаларын берді. Өткізілген сабақтар және іс-шаралар жоғары деңгейде өтті. Пән мұғалімдері сабақтарға жан-жақты, үлкен ізденушілікпен жаңа технологияларды пайдалана отыра өткізді. Әр сабақта цифрлық технологиялар, жасанды интелекпен жұмыстар жүргізілді. Қолданылған технологиялардың барлығы оқушылардың жас ерекшелігіне сай өте тиімді пайдаланылды. Оқушылар сабақтарға және сыныптан тыс іс-шараларға белсене ат салысты.

Инклюзивті білім алуға жағдай жасау

Қазір мектепке дейінгі және мектеп жасындағы дамуында кемістігі бар балаларды инклюзивті оқыту мәселесі тәрбиешілер мен мұғалімдердің алдына үлкен міндеттер қойып отыр.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Инклюзивті білім беру - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу ұйымдарында, ұйым өміріне белсене қатысуға, балалардың тең құқығын анықтауға және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру жүйесін дамытуда «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенция аясында инклюзивті білім берудің ұлттық жоспарын жасап, сапалы білім алуды қамтамасыз ету үшін, қоғамдық институттардың тәжірибесін ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі жандарды үздіксіз оқытудың тұжырымдамасын жасау аса қажет болмақ. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың үйде білім алуын қамтамасыз ету, жай және арнайы мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ балаларды қашықтықтан оқытуға жағдай жасау мемлекеттің басты мақсаттарының бірі. Осыған орай әрбір мұғалімнің бағдарламаға сай электрондық оқулығының болуы, үлгерімі төмен және мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жеке жұмыс жасай алуы керек. Әрбір оқушының үлгермеу себебін анықтап, мүгедек баланың диагнозына қарай жұмыс жасаса, оқушының білімге деген құлшынысы артып, өзіндік


дарындылығы айқындала түседі деп ойлаймын. Қазақстан Республикасында инклюзивтік білім беру процесінің енгізілуі тек жаңа пайда болған мәселе ретінде қарастырылып отыр. Қазіргі кезде бұл мәселенің шұғыл шешілуі қажеттілігіне даму ауытқуы мен тежелуі бар балалар санының артып келе жатқандығы айғақ бола алады.

А.Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиямызда 2024-2025 оқу жылында ерекше білім алуды қажет ететін 33 оқушы, үйден оқитын 5 оқушы анықталды. Олар көбіне төменгі және ортаңғы буында оқиды. Инклюзивті білім алу бойынша мектеп-гимназиямыздағы педагогтардың 100 % курстан өтіп, қазіргі таңда 53 мұғалім ерекше білім алушыларға, 34 мұғалім үйден оқитын оқушыларға сабақ береді.

Ерекше білім алушылар мен үйден оқитын оқушылардың 3 жылдық көрсеткіші

Оқу жылы	жалпы білім алушылар	инклюзивті білім алушылар	үйден оқитын оқушылар
2022-2023	951	28	4
2023-2024	969	31	5
2024-2025	988	33	5

Инклюзивті білім алушылардың 3 жылдық үлесі



Мектеп-гимназиямыздағы инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы

